

Ашық аспандағы қара бұлттар

Қазақстан және атыс қаруы

Николас Флоркин, Дәурен Әбен және Тахмина Каримова



«Атыс қаруына шолу» ұйымының
тақырыптық баяндамасы



Авторлық құқықпен қорғалған

Швейцарияда «Атыс қаруына шолу» ұйымы басып шығарған

© Атыс қаруына шолу, Халықаралық қатынастар мен даму институты, Женева 2012

Алғаш рет басылған уақыты: Мамыр 2012

Барлық құқықтары қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлігін «Атыс қаруына шолу» ұйымы алдын ала берген жазбаша рұқсатынсыз немесе заң айқын түрде рұқсат бермеген кезде, не тиісті репрографиялық құқықтар ұйымымен жасалған келісім шарттарына сәйкес қайта шығаруға, іздеу жүйесінде сақтауға немесе кез келген түрде не кез келген жолмен тасымалдауға болмайды. Жоғарыда айтылғаннан басқа мақсатта қайта шығаруға қатысты сұрауларды төмендегі мекенжай бойынша «Атыс қаруына шолу» ұйымының баспа бөлімі менеджеріне жіберіңіз.

Атыс қаруына шолу

Халықаралық қатынастар мен даму институты

Швейцария, 1202, Женева қ., Блан даңғылы, 47

Техникалық редактор: Тания Иновлоки (Tania Inowlocki)

Корректор: Дональд Страхан (Donald Strachan)

Картография: Джиллиан Лаф (Jillian Luff), MAP*grafix*

Optima және Палатино қаріптерінде теру — Ричард Джонс (Richard Jones) (rick@studioexile.com), Exile: Design & Editorial Services

GPS компаниясымен Францияда басылған

ISBN 978-2-9700771-5-2

ISSN 1661-4445

Атыс қаруына шолу

«Атыс қаруына шолу» (Small Arms Survey) Швейцариядағы Женева халықаралық зерттеулер институтының құрамындағы тәуелсіз зерттеу жобасы болып табылады. 1999 жылы құрылған жобаға швейцариялық Сыртқы істер федералдық департаменті қолдау көрсетіп келеді және қазіргі уақытта оны Австралия, Бельгия, Канада, Дания, Финляндия, Германия, Нидерланд, Норвегия, Швеция, Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарының үкіметтері қаржыландырады. «Атыс қаруына шолу» бұрын көрсеткен қолдаулары үшін Франция, Жаңа Зеландия және Испания үкіметтеріне ризашылығын білдіреді. Оған қоса, «Шолу» көптеген жылдар бойы, Біріккен Ұлттар Ұйымының әр түрлі агенттіктері, бағдарламалары және институттары көрсеткен қаржылай көмекке алғысын айтады.

«Атыс қаруына шолу» ұйымының мақсаттары: атыс қаруы мен қарулы зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне қатысты қоғамдық ақпараттың маңызды көзі болу; үкіметтерге, саяси қайраткерлерге, зерттеушілерге және белсенді тұлғаларға қор көзі ретінде қызмет ету; атыс қаруына қатысты ұлттық және (үкіметтік және үкіметтік емес) халықаралық бастамаларды бақылау; атыс қаруының тез таралуы мен тиіссіз жерде қолданылуының әсерлеріне қарсы атқарылатын шараларды қолдау; сондай-ақ ақпаратпен бөлісумен және ең озық әдістемелерді таратумен айналысатын ақпарат орталығы ретінде жұмыс істеу. Оған қоса, «Шолу», әсіресе атыс қаруы кең таралған мемлекеттер мен аймақтарда, зерттеу жүргізу және ақпарат жинау шараларына демеушілік етеді. Жобада қауіпсіздік зерттеулері, саясаттану, құқық, экономика, даму зерттеулері, әлеуметтану және криминология салаларындағы халықаралық мамандар қызмет атқарады және «Шолу» 50-ден астам елдердегі зерттеушілер, серіктес мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар және үкіметтер желісімен бірігіп жұмыс жасайды.

Атыс қаруына шолу

Халықаралық қатынастар мен даму институты

Швейцария, 1202, Женева қ., Блан даңғылы, 47

Тел.: +41 22 908 5777

Факс: +41 22 732 2738

E-mail: sas@smallarmssurvey.org

Сайт: www.smallarmssurvey.org

Мазмұны

Жолақтар, суреттер, карталар және кестелер тізімі	vi
Авторлар туралы мәлімет	viii
Алғыс сөз	x
Қысқарған сөздер және аббревиатуралар.....	xii
Кіріспе.....	1
Қауіп төніп тұрған тыныш аймақ?	5
Жалпы жағдай	5
Қылмыстық ахуал	7
Жәбірлену және қауіпсіздік туралы ой-пікірлер	10
Ұйымдасқан зорлық-зомбылық	13
Азаматтық атыс қаруы: бақылау астында, бірақ сұраныс бар.....	16
Азаматтық сектордағы атыс қаруы	16
Қару көздері	19
Бақылау шаралары	26
Әсері	32
Әлі де құпия: атыс қаруы және мемлекет	35
Қару қорлары	35
Қару көздері	38

Бақылау шаралары	41
Қару-жарақ қоймаларындағы абайсыздан болған жарылыстар	44
Тұжырым	50
Қосымшалар	52
1. Сауалнама	52
2. Фокус-топ өткізу жөніндегі нұсқау	67
Түсініктемелер	70
Библиография	73
Басылымдар тізімі	82
Тақырыптық баяндамалар	82
Арнайы баяндамалар	83
Кітаптар	84

Жолақтар, суреттер, карталар және кестелер тізімі

Жолақтар

1. Қауіпсіздік және отпен атылатын қару туралы ой-пікірлерді анықтауға арналған сауалнама
2. Зерттеуге қатысты анықтамалық мәлімет: Тоқырау, Арыс және Қараой оқ-дәрі қоймаларында болған жарылыстар

Суреттер

1. Қазақстанда есепке алынған қылмыстардың жалпы саны, 1991–2010
2. Қазақстандағы қасақана кісі өлтіру оқиғалары, 1989–2010
3. «Сіз өзіңіздің қалаңызды / ауылыңызды қауіпсіз немесе қауіпті жер деп санайсыз ба?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1500)
4. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің қалаңызда / ауылыңызда оқпен атылатын қаруды сатып алу жеңіл ме?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1500)
5. «Соңғы екі жыл ішінде билік мекемелері қалаңыздың / ауылыңыздың тұрғындарынан қаруды жинап алу шараларын ұйымдастырды ма?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1500)
6. Отпен атылатын қарумен жасалған қылмыстар үлесі, 2006–2010
7. «Сіз оқпен атылатын қаруды қалай қабылдайсыз?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жынысы бойынша, жауап берушілер саны — 1497)
8. «Сіз оқпен атылатын қаруды қалай қабылдайсыз?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1498)

9. Қазақстанның қорғаныс, қауіпсіздік және құқық қорғау салаларындағы мемлекеттік органдар құрылымы

Карталар

1. Қазақстан
2. Әр облыс бойынша қасақана кісу өлтіру оқиғаларының деңгейі, 2011 ж.

Кестелер

1. Жария етілген Қазақстанға импортталған атыс қаруының құны, БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры категориялары бойынша, 1992–2008 (АҚШ долл.)
2. БҰҰ Кәдімгі қарулар регистріне Қазақстан тарапынан хабарланған атыс қаруының импорты, категориялар бойынша, 2008–2010
3. Жария етілген Қазақстанға импортталған атыс қаруының құны, экспорттаушы мемлекеттер бойынша, 1992–2008 (АҚШ долл.)
4. БҰҰ Іс-әрекеттер бағдарламасын орындауға қатысты ұлттық есептерде хабарланған Қазақстандағы қару-жарақ жинау шаралары, 2003–2009
5. Қазақстандағы қарумен байланысты құқық бұзушылық оқиғалары, 2006–2010
6. Қазақстанның мемлекеттік органдар қызметкерлері қолдануға бекітілген отпен атылатын қарулар мен оқ-дәрі түрлері
7. Қорғаныс министрлігі сатып алуға жоспарлаған атыс қаруы, бөлшектер мен оқ-дәрі, 2009 ж.
8. Қорғаныс министрлігі жойған кәдімгі оқ-дәрінің артық қорлары, 2003–2009
9. Қорғаныс министрлігі жойған атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтардың артық қорлары, 2003–2006

Авторлар туралы мәлімет

Николас Флоркин – «Атыс қаруына шолу» ұйымындағы аға зерттеуші. Оның құзыретіне атыс қаруына қатысты негізгі деректерді бағалау, заңсыз қару нарықтары, жеке-меншік күзет компаниялары, сондай-ақ қарулы топтар мен мемлекеттік емес қарулы күштер кіреді. Ол Эрик Г. Берманмен бірлесіп «Қаруланған және мақсатсыз: ЭКОВАС аумағындағы қарулы топтар, қару-жарақ және адам қауіпсіздігі» (*Armed and Aimless: Armed Groups, Guns and Human Security in the ECOWAS Region*) атты кітаптың редакциясын басқарған. Флоркин мырза оған дейін швейцариялық «Geneva Call» үкіметтік емес ұйымында жұмыс атқарған. Бұл ұйымда ол мемлекеттік емес қарулы күштердің гуманитарлық нормаларға сәйкестігін, атап айтқанда жаяу әскерлерге қарсы қойылатын миналарға тыйым салу және қарулы қақтығыс кезінде балаларды қорғау мәселелерін жақсарту бағытында байланыс орнатуға белсенді қатысты. Сондай-ақ, ол қару-жараққа қатысты мәселелер бойынша халықаралық агенттіктерге, атап айтқанда БҰҰ-ның Либерияға қатысты сарапшылар тобы және Бурунди, Орталық Африка Республикасы, Гана мен Нигер мемлекеттеріндегі БҰҰ Даму бағдарламасына көптеген жағдайларда кеңесші болды. Флоркин мырза – Калифорнияда орналасқан Монтерей халықаралық зерттеулер институтының халықаралық менеджмент бойынша қоғамдық басқару магистрі дәрежесіне және қақтығыстарды шешу бойынша сертификатына ие.

Дәурен Әбен – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері. Ол Қазақстанның Алматы қаласындағы Қайнар университетінің халықаралық қатынастар бойынша магистратурасын тамамдаған және Калифорнияда орналасқан Монтерей халықаралық зерттеулер институтында халықаралық саяси зерттеулер бойынша магистр дәрежесін иемденіп, таратпау зерттеулері, қақтығыстарды шешу және саудалық дипломатия бойынша сертификаттар алған. Бұдан бұрын, ол Монтерей

институтының Джеймс Мартин атындағы Таратпау зерттеулері орталығының (ТЗО) Алматыдағы кеңсесінде атқарушы директор болып жұмыс істеп, сол орталықтың «*Халықаралық экспорттық бақылау шолуы*» атты жаршысының редакторларының бірі болды. Абен мырза әлі де ТЗО-ның Жаңа егеменді мемлекеттердегі Таратпау бағдарламасының аймақтық өкілі ретінде жұмыс істейді. Сондай-ақ, ол ресейлік Саяси зерттеулер орталығы (ПИР орталығы) басып шығаратын «*Қауіпсіздік индексі*» атты журналының аймақтық өкілі ретінде қызмет атқарады және «Ядролық қауіпті төмендету жөніндегі бастама» қорының Ядролық материалдардың қауіпсіздік индексіне қатысты сарапшылар тобының мүшесі болып табылады. Таратпау мен экспорттық бақылауға қоса, ол зерттейтін салаларға Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздіктің әр түрлі мәселелері кіреді. Қазіргі уақытта, ол әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Қазақстанның ядролық қаруды таратпау саясаты тақырыбындағы докторлық диссертациясын тамамдауда.

Тахмина Каримова – адам құқықтарына қатысты заңдар және атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтарға қатысты қаулылар саласындағы халықаралық заңгер, Женевадағы «Атыс қаруына шолу» ұйымында зерттеуші болып қызмет атқарады. Ол «Landmine and Cluster Munition Monitor» ұйымында және Халықаралық еңбек ұйымының адамдарды саудалау мен балаларды жұмысқа салуға қарсы бағдарламаларында қызмет атқарды. Каримова ханым адам құқықтары мен халықаралық гуманитарлық заң салаларында зерттеу жүргізіп, мақала жазған. Қазіргі уақытта, ол Женевадағы Халықаралық қатынастар мен даму институтында әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғау бойынша халықаралық міндеттер тақырыбында докторлық диссертациясын тамамдауда. Ол Эссекс университетінен адам құқықтары саласында заң магистрі дәрежесін алған.

АЛҒЫС СӨЗ

2010 жылғы сәуір мен 2011 жылғы тамыз айлары аралығында жасалған бұл зерттеу Алматы, Астана, Женева және басқа жерлерден көп қолдау көрді. Женевадағы Қазақстанның елшісі және тұрақты өкілі Мұхтар Тілеуберді мырза және Астанадағы Сыртқы істер министрлігіндегі Азат Махмудов мырза «Шолу» жұмысын жеңілдетуге және авторлардың көптеген ақпарат сұрауларына берілетін ресми жауаптармен айналысуда өте маңызды рөл атқарды. Қазақстанның Қорғаныс министрлігі жанындағы Қаруларды азайтуды бақылау және инспекция қызметін қамтамасыз ету орталығының бастығы полковник Амангелді Әубәкіров артық қарулар мен оқ-дәріні жоюға қатысты ресми ақпаратты беруге көп көмектесті. Қорғаныс министрлігінің Әскери стратегиялық зерттеулер орталығындағы Георгий Дубовцев мырза мен оның командасы Астана қаласында 2011 жылы шілде айында семинар ұйымдастыру мен оны жүргізуге көп күш жұмсады. Бұл семинарда үкімет өкілдері баяндаманың жоба нұсқасына пайдалы пікірлерін білдірді.

Бұл жоба аясында жасалған зерттеулердің көбін Алматыда орналасқан Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы (ЦИОМ) жүргізді немесе оған логистикалық қолдау көрсетті. Авторлар директор Гүлжан Әлімбековаға, деректерді талдау және өңдеу бөлімінің бастығы Айжан Шабденоваға, жоба менеджері Жанат Амантайға және ЦИОМ-ның басқа қызметкерлеріне сауалнаманы жүргізу және фокус-топ зерттеулерін өткізу кезінде көрсеткен біліктілігі мен кәсіпқойлығы үшін көп алғыс білдіреді. Рустам Бурнашев, Андрей Чеботарев және Ирина Черных зерттеуге қажетті анықтамалық баяндамаларды дайындады; сондай-ақ, Рустам мен Ирина және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтындағы Мурат Лаумулин баяндаманың жоба нұсқасын тексеріп шықты. Корнелиус Граубнер (Cornelius Graubner) және Пол Холтом (Paul Holtom) жобаның соңғы нұсқасын айтарлықтай жақсартуға көмектескен маңызды пікірлер айтты. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астанадағы орталықтың саяси мәселелер

бойынша кеңесшісі Эндрю Оффенбахер (Andrew Offenbacher) мырза да жобаға өте пайдалы кеңес пен көмек берді.

«Атыс қаруына шолу» ұйымында авторлар Эрик Берман (Eric Berman) мырзаға осы жобаны бастап, оған қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді. Гленн Макдональд (Glenn McDonald) пен Эмиль Лебран (Emile LeBrun) баяндаманың жоба нұсқасын қарап шықты. Райан Мюррей (Ryan Murray) мен Анна Альвацци дель Фрате (Anna Alvazzi del Frate) сауалнамаға айтарлықтай методологиялық қолдау көрсетті, ал Кароль Турен (Carole Touraine) мен Бенджамин Пунье (Benjamin Pougner) әкімшілік қолдау көрсетті. Сондай-ақ, біз Джордан Шепердке (Jordan Shepherd) баяндамадағы фактілерді мұқият тексергені үшін, Тания Иновлоките (Tania Inowlocki) мәтінге техникалық редақтура жасағаны үшін және Алессандра Алленге (Alessandra Allen) шығару процесін басқарғаны үшін қарыздармыз. Сондай-ақ, қару-жарақ тасымалдары туралы деректерді жинастыру мен талдауға көрсеткен көмегі үшін Ник Маршқа (Nic Marsh) алғыс айтамыз.

«Атыс қаруына шолу» осы зерттеуге мол қаржылай көмек көрсеткені үшін Норвегия Сыртқы істер министрлігіне рақмет айтады. Оған қоса, авторлар аноним болып қалуды қалаған Қазақстан үкіметінің әр түрлі өкілдері, сондай-ақ, дипломатиялық корпустың, халықаралық ұйымдардың және азаматтық қоғамның мүшелері көрсеткен қолдауды атап өткісі келеді. Бұл баяндамада қандай да болсын қате болса, оған тек авторлар жауапты.

Қысқарған сөздер және аббревиатуралар

ЦИОМ	Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы
ҰҚҚҰ	Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымы
ІМІ	«Israel Military Industries» компаниясы
ҰҚК	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ТЗЗК	Тасымалы зенитті-зымырандық кешендер
ІМ	Ішкі істер министрлігі
ҚМ	Қорғаныс министрлігі
АЕК	<i>Айлық есептік көрсеткіш</i>
NISAT	Атыс қаруының таралуына қарсы норвегиялық бастама
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
БҚМК	Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы

Кіріспе

2011 жылы мамыр айында, екі жойқын жарылыс Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) Ақтөбе облысы мен Астанадағы ғимараттарының жанында орын алды¹. Шабуылдардың бірі мәлімдемелерге сәйкес лаңкес өзін-өзі жарып жіберген алғашқы әрекет болды (Lillis, 2011a). Екі айдан кейін, дәл сол облыста, құқық қорғау органдары екі полиция қызметкерін өлтіргенге жауапты және діни радикализм ұстанатынына күдікті қарулы топты ауыздықтау мақсатымен Шұбаршы және Кеңкияқ ауылдарында екі апталық операция жүргізді. Арнайы бөлімшелер топтың тоғыз мүшесін өлтіріп, операция кезінде тағы екі қызметкерден айырылды (ШМ, 2011; Медникова, Богатик, 2011). Қазақстан аймақтағы басқа проблемалы елдердің арасындағы тұрақтылық аралы ретінде есептелгенге қарамастан, мұндай оқиғалар экономикалық даму мен саяси тұрақтылық елді ішкі қарулы зорлық-зомбылықтан сақтамайтынын көрсетеді.

Қазақстан атыс қаруының заңсыз саудасын тоқтату жөніндегі БҰҰ процесіне белсенді қатысып келеді және 2005 жылдан бері БҰҰ-ның Іс-әрекеттер бағдарламасын жүзеге асыру бойынша төрт ұлттық есеп тапсырды (РоА-ISS, 2010). Ол атыс қаруын бақылау бойынша бірнеше бастаманы қолға алды, оның ішінде жеке тұлғалардың қару-жараққа ие болуын қатаң бақылау, халық қолындағы қару-жарақты кең көлемде жинау және Кеңес Одағынан қалған артық қару-жарақ пен оқ-дәріні жою (ҚР, 2010a). Дегенмен, Қазақстан өзі есеп бергенінен басқа, елдің атыс қаруын бақылау шараларын, сондай-ақ олар қарсы тұратын қауіп-қатерлердің табиғаты мен маңыздылығы аз зерттелген². Шынымен, Орталық Азиядағы атыс қаруына қатысты мәселелерге деген халықаралық қауымның назары көбінесе Қазақстанның проблемалы көршілеріне бөлінді³.

Бұл баяндамада «Атыс қаруына шолу» ұйымымен 2010 жылы сәуір айында бастау алған зерттеудің нәтижелері берілген. Норвегия үкіметі қолдаған бұл жоба Қазақстандағы атыс қаруына қол жеткізу мүмкіндігін анықтау, қару-жарақтардың қылмыс пен қауіпсіздікке ықпалын бағалау

және үкіметтің атыс қаруына қатысты бастамаларын қарап шығу үшін әзірленді. Баяндама әртүрлі зерттеу әдістеріне негізделеді, атап айтқанда 1500 адамды қамтитын ұлттық сауалнама және оқ-дәрі сақталған жерлердегі апаттық жарылыстар әсер еткен мекендердің тұрғындарымен өткізілген алты фокус-топ талқылаулары⁴.

Баяндама төмендегі негізгі тұжырымдарға келді:

- Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері Қазақстандағы халықтың қолында 2010 жылы 190 мың–225 мың қару-жарақ болғанын көрсетеді; халықаралық стандарттарға сәйкес бір басқа шаққандағы бұл көрсеткіш төмен болып есептеледі. Жас адамдар және қалалық аймақтарда қару-жараққа ие болу көбірек кездеседі; сондай-ақ бұл жағдай қылмыскерлерден қорғану үшін қажет деген ұғымға байланысты болуы керек.
- Қазақстан органдары халықтан 2003–2009 жылдар аралығында 60 мыңнан астам қару-жарақ жинағанын мәлімдейді. Сонымен қатар, олар бұл мерзім ішінде кем дегенде 20 мың халықтан жиналған қаруды жойған.
- Қазақстанның жалпы қауіпсіздік жағдайы жақсы болып көрінгенімен, бұл жағдай 2010 жылдан бастап өскен қылмыс оқиғаларының санына, сондай-ақ лаңкестік, этникалық және саяси астары бар қарулы зорлық-зомбылыққа байланысты біраз нашарлап кетті.
- Елдегі кісі өлтіру оқиғаларының деңгейі 1990-шы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай азайғанына қарамастан, ол әлі де халықаралық орташа деңгейден жоғары болып келеді және 2010 жылы 100 мың адамға шаққанда 8-ге тең болды. Соңғы жылдары атыс қаруымен жасалған кісі өлтіру және тонау оқиғаларының пайызы да өсті, бірақ басқа елдермен салыстырғанда бұл көрсеткіш төмен деңгейде.
- Қорғаныс министрлігі 2003–2009 жылдар аралығында дәстүрлі оқ-дәрілердің артық мөлшерінің 1,1 млн. данасы жойылғанын мәлімдеді (жалпы мәлімденген саны – 2,5 млн.). Оған қоса, министрлік 2002–2006 жылдар аралығында мемлекет қолындағы 38 мың атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақты жойғанын мәлімдеді.
- Қазақстан қару-жарақ қоймаларында абайсыздан болған жарылыстардан елеулі зардап шекті, атап айтқанда 2001 жылдан бері алты үлкен оқиға орын алғаны белгілі. Фокус-топ талқылаулары барысында үкімет қару-

жарақ қоймаларының маңында тұратын халық үшін апаттық жағдайда қалай әрекет ету керектігі бойынша жаттығу өткізбейтіні анықталды.

Бұл баяндама үш негізгі бөлімге бөлінген. Алдымен, Қазақстанның қауіпсіздік жағдайына талдау жасалып, елдің тұрақтылығына төнген негізгі қауіп-қатерлер талқыланады. Екінші бөлімде халық қолындағы қару-жарақтар қарастырылады – оларға қол жеткізу мүмкіндігі, үкімет тарапынан бақылау және олардың Қазақстанның қауіпсіздігіне деген ықпалы. Ең соңында, баяндамада мемлекет қолындағы арсенал, артық қару-жарақты жою үшін үкімет қолға алатын шаралар және қару-жарақ қоймаларында абайсыздан болған жарылыстардың әсері қарастырылады. 📌

Қауіп төніп тұрған тыныш аймақ?

Қазақстан – әлемдегі теңізге қатынасы жоқ елдердің ең үлкені, бірақ оның халқының саны тек 16,6 млн. адам (СА, 2011). 1991 жылдың желтоқсан айына дейін Кеңес Одағының республикасы болған Қазақстан қазір Қытай, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Түрікменстан және Өзбекістанмен шекаралас. Орталық Азиядағы көрші елдерге қарағанда, Қазақстан азамат соғысы мен этникалық қақтығыстардан аман қалып келіп, жанжалды аймақта тұрақтылық аралы атағына ие болды⁵. Бұл бөлімде негізгі қылмыс пен қауіпсіздік көрсеткіштерін қарап шығу және соңғы кезде елдің ішкі тұрақтылығына төнген қауіптерді талқылау арқылы бұл жоғары ой-пікір тексеріледі. Қорытындылап айтқанда, қауіпсіздік жағдайы қанағаттырарлық күйде, дегенмен соңғы кезде туындаған теріс үрдістердің ықпалы сезініп келеді. Қазақстан тәуелсіздік алғанынан бері қылмыс деңгейі айтарлықтай азайғанымен, соңғы екі жылда бұл жағдай нашарлағаны байқалады. Жуықта орын алған діни астары бар лаңкестік әрекеттері, сондай-ақ этникалық және саяси зорлық-зомбылық оқиғалары нәтижесінде бұл жағдай одан әрі нашарлап кетті.

Жалпы жағдай

Қазақстан соңғы он жылда, көбінесе жылдам дамып келе жатқан мұнай мен газ саласының арқасында экономикалық тұрғыда жағдайы жақсы болды. Әр адамға шаққандағы ішкі жалпы өнім 2 мың жылдағы 1260 АҚШ долл. мөлшерінен 2010 жылы 7440 АҚШ долл. мөлшеріне дейін артты (Дүниежүзілік банк, 2011). Сонымен қатар, Қазақстан Орталық Азиядағы шетелдік тікелей инвестициялардың негізгі алушысы болып табылады; 1991 жылдан бастап 50 млрд. АҚШ долл., яғни Орталық Азия аймағына жасалған инвестициялардың жалпы көлемінің 80 пайызы осы елге құйылды (Нуг, 2011, 21-б). Экономикалық өркендеу жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайды, әсіресе соңғы он жылда жақсартты. 2001 – 2009 жылдар аралығында кірісі ең төмен тұтынушылық себеттен аз халықтың үлесі


16,1 пайыздан 0,6 пайызға дейін төмендеді, ал кіріс теңсіздігі 30 пайызға төмендеді (БҰҰ, 2010, 18–19 бб.). Жұмыссыздық деңгейі 2011 жылдың үшінші тоқсанда 5,3 пайызды көрсетті (СА, 2011).

Артып келе жатқан экономикалық маңыздылығы мен саяси тұрақтылығы Қазақстанды аймақтық көшбасшыға айналдырып, халықаралық форумдардағы беделін өсірді. 2010 жылы Қазақстан Орталық Азия елдері мен бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының ішінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) алғашқы болып төрағалық етті. Төрағалық кезінде, Қазақстан 11 жыл өткізілмеген ЕҚЫҰ ел басшыларының саммитін ұйымдастырды (Lillis, 2011b; ЕҚЫҰ, 2010). Сонымен қатар, Қазақстан 2011 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының және 2011–12 жылдары Ислам ынтымақтастық ұйымының төрағасы атанды (ҚР, 2011c; СИМ, 2011).

Бұл оң үдерістерді томсартып отырған жағдай – елдегі билікке қатысты мәселе. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды 1989 жылдан бастап билеп келеді және 2011 жылғы сәуір айында 95,5 % дауыспен бес жылдық мерзімге қайта сайланды. 90 пайыздық қатысу деңгейі дәріптелгеніне қарамастан, шетелдік бақылаушылар, оның ішінде ЕҚЫҰ оппозиция кандидаттарының болмағанына қамын білдірді және сайлау процесіне қатысты «ауыр сәйкессіздіктерді» атап өтті (Lillis, 2011c; ЕҚЫҰ, 2011). Оған қоса, Қазақстанға Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының Адам даму индексында орта деңгейден сәл жоғары баға берілген, ол 169 елдің ішінде 66-шы орынға ие (БҰҰДБ, 2010). Елдің денсаулық сақтау және білім беру жүйелерінің кемсіздіктері орташа баға берілуіне себеп болып келеді және бұл салалар жоғарыда айтылған қарқынды макроэкономикалық үрдістерге қарама-қайшы келеді (ХДТ, 2011, 28–33 бб.). Оған қоса, 2011 жылы, мұнай және газ саласының жұмысшылары жалақыны көтеруді талаптарымен жаппай наразылық білдіріп, ұлттық өнеркәсіпке бірнеше ай әсер еткен кезде әлеуметтік шиеленістер жарыққа шықты (АЕ/АР, 2011). 2011 жылы желтоқсан айында бейбіт ереуіл қақтығысқа айналып, Жаңаөзен мен Шетпе елді мекендерінде ойран мен жанжалға себеп болды және полиция мен қауіпсіздік күштері ереуілшілер тобына оқ атқаннан кейін кем дегенде 17 адам мерт болды (Антончева, 2011).

1-ші сурет Қазақстанда есепке алынған қылмыстардың жалпы саны, 1991–2010

Тіркелген қылмыстар саны (мың)



Дереккөз: СА (2011)


Қылмыстық ахуал

Жоғарыда келтірілген макроэкономикалық үрдістерге сәйкес Қазақстандағы қылмыстық ахуал соңғы 15–20 жылда жақсарды. Жылдан жылға байқалған кейбір айтарлықтай ауытқуларға қарамастан, 2010 тіркелген қылмыстардың жалпы саны 1991 жылы тіркелген саннан төмен (1-ші суретті қараңыз). Тәуелсіздік алғаннан бері зорлық қылмыстар саны да айтарлықтай төмендеді. Кісі өлтіру оқиғалары 1992–1998 жылдар аралығында күрт өсіп, бұл мерзімде жылына орташа 2500 оқиғаны құрап отырды, ал 2010 бұл мөлшер 1400-ден кем оқиғаға дейін азайды (2-ші суретті қараңыз).

Дегенмен, соңғы уақытта байқалған қылмыстық ахуал үрдістері алаңдатады. Бірнеше жыл бойы азайып келген жалпы қылмыстар саны 2010 жылы өсе бастады (1-ші суретті қараңыз) және 2011 жылдың бірінші жартысында өсуін жалғастырды. 2011 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында құқық қорғау органдары 80 685 қылмыс тіркеді, яғни бұл

2-ші сурет Қазақстандағы қасақана кісі өлтіру оқиғалары, 1989–2010

Қасақана кісі өлтіру оқиғаларының саны



Дереккөздер: ЮНИСЕФ (2011) 1989–2008 жылдары үшін; БП (2011а) 2009 бен 2010 жылдары үшін

көрсеткіш 18,6 пайызға 2010 жылдың дәл сол мерзімінен жоғары болды (68 053). 2011 жылдың бірінші жартысында 2010 жылмен салыстырғанда қылмыс деңгейі ең көп өскен аймақтарға Астана қаласы (105,1 пайызға өсу), Қарағанды облысы (35,5 пайыз), Оңтүстік Қазақстан облысы (33,1 пайыз), Алматы қаласы (20,1 пайыз), Қостанай облысы (19,2 пайыз), Ақмола облысы (17,6 пайыз) және Шығыс Қазақстан облысы (16,9 пайыз) жатады (БП, 2011а; 2011б). Бұқаралық ақпарат құралдарының мәлімдеуінше, 2010 жылдан бастап қылмыс деңгейінің артуы жұмыссыздыққа байланысты (Азаттық радиосы, 2011). 2011 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында тұтқындалған қылмыскерлердің төрттен үші шынында да жұмыссыз болған, 14 пайызға жуығы ішімдік әсерінде болған және тоғыз пайызы баукеспе қылмыскер болған (БП, 2011а).

Оған қоса, 1991 жылдан бері айтарлықтай азайғанымен, Қазақстандағы кісі өлтіру оқиғаларының деңгейі 2010 әлі де 100 мың адамға шаққанда



Ескертпе: * Астана мен Алматы қалаларының кісі өлтіру деңгейлері облыстық деңгейлерге қосылмаған. Көлеңкеленген аумақтар республикалық деңгейден (100 мың адамға шаққанда 8,4) жоғары жылдық кісі өлтіру деңгейлерін көрсетеді. Жылдық кісі өлтіру деңгейлері мақаланы жазу кезінде қолда болған деректерге негізделіп есептелген, яғни жылдық көрсеткішті алу үшін кісі өлтіру оқиғаларының сандары екіге көбейтілген.

Дереккөздер: СА (2011); БП (2011а)

8,35 болып, 100 мың адамға шаққанда 6 оқиғаға тең әлемдік деңгейден және 100 мың адамға шаққанда 6,5 оқиғаға тең Орталық Азия деңгейінен жоғары шықты⁶. Аймақтағы басқа елдерде мәлімденген кісі өлтіру деңгейлері бұдан төмені анық: 100 мың адамға шаққанда Қырғызстанда – 7,8 (2009), Тәжікстанда – 1,9 (2009), Түрікменстанда – 3,8 (2006) және Өзбекістанда – 3,0 (2007) (ЮНИСЕФ, 2011v). Қазақстанда бұл деңгейдің жоғары болуы шынымен кісі өлтіру деңгейінің жоғары болуына, әлде кісі өлтіру оқиғаларын дәлірек тіркеп, олар туралы жүйелі түрде есеп беруге байланысты екені түсініксіз. Шынымен, есеп беру деңгейі әдетте жағдайы жақсы мемлекеттермен салыстырғанда дамушы елдерде төмен болады (van Dijk, van Kesteren, and Smit, 2007, 17-б). Бұл көрсеткіштерді Ресей

Федерациясындағы қылмыс деңгейімен салыстырған жөн болар, себебі бұл ел Адам даму индексі бойынша Қазақстаннан сәл жоғары орналасқан және бұл елдегі кісі өлтіру деңгейі Қазақстан көрсеткішінен жоғары, атап айтқанда 2009 жылы бұл көрсеткіш 100 мың адамға шаққанда 12,5 оқиғаға тең болды (БҰҰДБ, 2010; ЮНИСЕФ, 2011).

Географиялық тұрғыда, 2-картада көрсетілгендей, 2011 жылдың бірінші жартысындағы кісі өлтіру деңгейлері шығыс және солтүстік Қазақстанда, сондай-ақ мұнай өндіретін Батыс Қазақстан облысында ұлттық деңгейден әрдайым жоғары болды. Шығыс Қазақстан облысы 100 мың адамға шаққанда 13,4 көрсеткішімен бірінші орында тұр және бұл облыс елдегі ең көп тіркелген жалпы қылмыс деңгейі бойынша Алматы қаласынан кейін екінші орында келеді (СА, 2011; БП, 2011а). Басшылар, оның ішінде бұрын Шығыс Қазақстан облысының ІД бастығы болған, қазір Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов облыстың қылмыс деңгейінің жоғары болуын ішімдік пен нашақорлыққа байланыстырады. Көптеген түрмелер елдің шығысында орналасқаны да бұл жағдайды айқындауы мүмкін, себебі түрмеден босаған қылмыскерлер көбінесе отырған облыста қалып, қылмыстарын қайталайды (Чернявская, 2010).

Жәбірлену және қауіпсіздік туралы ой-пікірлер

Бұл зерттеу аясында үйлерге барып жүргізілген сауалнама нәтижелері қылмыс пен зорлық-зомбылық деңгейлері салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетті (1-ші жолақты қараңыз). Жалпы, респонденттердің 5,1 пайызы отбасы мүшелерінің кем дегенде бірі соңғы 12 ай ішінде қылмыстан немесе зорлық-зомбылықтан зардап шеккенін мәлімдеді. Жәбірленушілер бұл оқиғалардың үштен бірінде жарақат алды. Ең жиі мәлімденген оқиғаларға тонау (оқиғалардың 40 пайызы), шабуыл (34 пайыз), қорқыту (13 пайыз), зорлау және нәпсілік қылмыстар (5 пайыз) және бұзып ұрлау (4) кіреді. Сондай-ақ, сауалнама нәтижесінде қылмыс пен зорлық-зомбылық жәбірленушілерінің төрттен үшіне жуығы 15 пен 29 жас аралығындағы адамдар екені анықталды. Барлық жас топтарын есептегенде, жәбірленушілердің жыныстық үлесі 56 % әйел адамдар және

44 % ерлер болды. Шамамен оқиғалардың 60 пайызында қылмыстар үйде емес, көшеде немесе халық жиналатын орындарда орын алған. Қылмыстар әдетте күндіз немесе кеш түсе сала жасалған. Оқиғалардың 44 пайызында респонденттер қылмыс орын алғаны туралы органдарға хабарламаған (ЦИОМ, 2010).

Қылмыс пен жәбірлену деңгейлері салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, сауалнама респонденттері жеке қауіпсіздіктері туралы аралас ой-пікір білдірді. Бір жағынан, әсер ететін ең өзекті проблемалар туралы сұраған кезде, олар отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін тиісті жұмысты болмауынан, денсаулық сақтаудан және таза суға қол жеткізу мүмкіндігінен кейін төртінші орында айтып, оны ең маңызды проблема ретінде атаған жоқ. Басқа жағынан, респонденттердің үштен екісіне жуығы отбасыларының мүшесі қылмыс немесе зорлық-зомбылыққа душар болу мүмкіндігіне алаңдайды. Республикалық орташа мәнмен салыстырған кезде, Астана,

1-ші жолақ Қауіпсіздік және отпен атылатын қару туралы ой-пікірлерді анықтауға арналған сауалнама

Қазақстандағы халықтың қару-жарақ пен қауіпсіздік турады ой-пікірлерін бағалау үшін «Атыс қаруына шолу» Алматыда орналасқан Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы (ЦИОМ) ұйымын жалдап, бүкіл республика бойынша 18-60 жастағы 1500 адам арасында сауалнама жүргізді (1-ші қосымшаны қараңыз). Сауалнама 2010 жылғы шілде айында респонденттердің үйіне барып, жүзбе жүз сұрақ қою арқылы жүргізілді.

Қазақстан ұқсас географиялық, климаттық және экономикалық ерекшеліктері бар алты аймаққа біріктірілген 14 облыстан тұрады. Сауалнамаға қатысушылар әр аймақтағы бір облыстан таңдалды – батыс аймақта Ақтөбе, Алматы аймағында Алматы, шығыс аймақта Шығыс Қазақстан, орталық аймақта Қарағанды, солтүстік аймақта Павлодар, оңтүстік аймақта Оңтүстік Қазақстан облысынан және ең үлкен қалалар, Алматы мен Астанадан. Сауалнама жүргізілген әр облыста ЦИОМ, бүкіл аймақтың халқының қалалық-ауылдық үлесін ескеру үшін ауылдар мен қалаларды кездейсоқ түрде таңдады. Интервью жүргізетіндер үйлерді кездейсоқ таңдау әдісімен таңдап, респонденттерді жас және жыныс үлестеріне сәйкес анықтады.⁷ ЦИОМ интервьюлердің 23 пайызын телефон соғу немесе барып бақылау арқылы тексерді. Зерттеудің сенімді деңгейі 95 пайыз, ал сенімді интервалы 2,5.

«Атыс қаруына шолу» ақырғы адамдар жиынының демографиялық сипаттары (респонденттердің аймақтарда таралуы, қалалық-ауылдық мекендерден болуы, жынысы, жасы және ұлты сияқты) республика халқының сипаттарымен сәйкес болуы үшін статистикалық салмақтау қолданды. Сондай-ақ, салмақтауда жауап бермеу деңгейлері ескерілді. Сондықтан, нәтижелерді республика халқына экстраполяциялауға және аймақ, ауылдық не қалалық мекен, жыныс пен жас топтары бойынша салыстыруға болады.


Дереккөз: ЦИОМ (2010)

Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарындағы респонденттердің үлкен бөлігі қылмыс немесе зорлық-зомбылыққа душар болу мүмкіндігіне алаңдайды. Жоғарыда талқыланған қылмыс статистикасының үлесіне сәйкес, Шығыс Қазақстан бұл тізімде бірінші орында; бұл облыста сауалнамаға қатысқандардың 80 пайызы осындай алаңдаушылық білдіреді, ал Оңтүстік Қазақстан облысында мұндай респонденттердің мөлшері тек 18,5 пайыз. Респонденттер үйде және күндіз өздерін қауіпсіз сезінетіндерін айтқанымен, даладағы және түнгі уақыттағы жағдайды басқаша сипаттайды. Шынымен, респонденттердің 40 пайыздан астамы күн батқаннан кейін өздерін мүлдем немесе біршама қауіпсіз сезінбейтінін мәлімдейді (ЦИОМ, 2010).

Сондай-ақ, респонденттер қалалық мекендерде өздерін қауіпсіз сезінбейтіндерін айтты. Ауылдық мекендерде тұратын респонденттердің он тоғыз пайызы ешбір қауіпсіздік проблемасы жоқ екендігін мәлімдеді, ал қалалық мекендерде мұндай респонденттердің мөлшері тек 3 пайызды құрайды. Бұған ұқсас, қалалық респонденттердің 26 пайызы қылмыстың жоғары деңгейін өздерінің ең негізгі қауіпсіздік проблемасы ретінде

3-ші сурет «Сіз өзіңіздің қалаңызды / ауылыңызды қауіпсіз немесе қауіпті жер деп санайсыз ба?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1500)

■ Қалалық ■ Ауылдық



Ескертпе: Әр жолақтағы сызықтар сәйкес сенімді интервалды білдіреді. Ауылдық және қалалық тұрғындардың тұратын мекенін «қауіпсіз» немесе «қауіпсіз емес» деп сипаттағандар сандарының арасында айтарлықтай айырмашылық болды; ал «қауіпсіз де, қауіпті де емес» сұрағына жауаптар бойынша мұндай айырмашылықтар байқалмады.

Дереккөз: ЦИОМ (2010)

көрсеткен болса, ауылдық респонденттердің 15 пайызы ғана осылай ойлайды (ЦИОМ, 2010). Бұл айырмашылықтар 3-ші суретте бейнеленген; оған сәйкес, ауылдық респонденттерге салыстырғанда мекендерін қауіпсіз деп есептемейтін қалалық респонденттердің саны екі есе жоғары.

Ұйымдасқан зорлық-зомбылық

Қазақстанда үлкен ауқымды саяси, этникалық және лаңкестік зорлық-зомбылық басқа Орталық Азия елдерімен салыстырғанда аз болғанымен⁸, соңғы оқиғалар Қазақстан үкіметінің алаңдаушылық білдіруіне себеп болды (Lillis, 2011d). Төмендегі бөлімдерде Қазақстан ішіндегі ұйымдасқан зорлық-зомбылықтың мысалдары келтірілген. Олар тәуелсіз және үкіметтегі дереккөздердің мәліметі бойынша, оқиғаның саяси, этникалық немесе лаңкестік астарына қарай топтарға бөлінген.

Саяси зорлық-зомбылық

Қазақстандағы саяси зорлық-зомбылыққа мысалдарына 2006 жылдың ақпан айындағы белгілі оппозиция басшысы Алтынбек Сәрсенбаевті, оның сақшысын және жүргізушісін атып өлтіру кіреді. Олар Алматы қаласының шет жағында, қолдары арқаларына байланып, арқалары мен бастарында оқ тесіктері бар күйде табылды. Ресми тергеу Сәрсенбаевті өлтіруге сенат депутаты тапсырыс берген деген тұжырымға келді; тергеу бойынша ол бұрыннан келе жатқан «араздық» себебінен мұндай әрекетке барған, ал бұрынғы полиция қызметкері ҰҚК-нің үздік Арыстан арнайы бөлімшесі қызметкерлерінің көмегімен тапсырыс бойынша кісі өлтіруді ұйымдастырып, жүзеге асырғанына жауапты деп табылды (АЕ/АР, 2006а; 2006б; 2008). 2005 жылдың қараша айында тағы бір оппозиция басшысы Заманбек Нұрқаділов өз үйінде атып өлтірілді. Кеудесінде екі және басында бір оқ жарасы болғанымен, полиция ешбір бұзып кіру іздері табылмағандықтан, оны өз-өзіне қол жұмсаған деген тұжырым жасады (АЕ/АР, 2005).

Этникалық зорлық-зомбылық

Қазақстанда үлкен ауқымды этникалық жанжал болмағанымен, құқық қорғау органдары қазақтар мен азыштық ұлттар арасындағы бірнеше жергілікті қақтығыстарды басу үшін шара қолданды⁹. Мысалы, 2007 жылдың наурыз айында, Алматы облысындағы Маловодное және Қазатком ауылдарында миллиард ойнау кезінде қазақтар мен шешендер арасындағы кішкене араздық үлкен үлкен атысқа әкеп соқты. Бұл оқиға салдарынан бес адам қаза тауып, бірнеше адам жараланды. Үкімет қақтығысты тек арнайы полиция бөлімшелерін тартқаннан кейін ғана баса алды және тәртіпті толығымен қалпына келтіру үшін бұл аймақ бірнеше апта бойы қоршауда болды. Баспасөз құралдарында елдің басқа аймақтарынан қарулы адамдар оқиға орнына келмек болып, полиция тарапынан тоқтатылғаны мәлімденді (АЕ/АР, 2007; Сайдуллин, 2007а).

Сондай-ақ, 2007 жылдың қазан айында Оңтүстік Қазақстан облысының Маятас ауылында ұлты күрд 16 жастағы жігіт төрт жастағы қазақ баланы зорлап, жәбірлеген деген күдікпен тұтқынға алынғаннан кейін аймақтағы қазақтар жергілікті күрдтердің үйлері мен мүлкін өртеп жіберген кезде қару-жарақ қолданылды деген күдік бар. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәлімдемелер бойынша 500 құқық қорғау сақшысы тәртіпті қалпына келтіруге қатысып, операция барысында үш полиция қызметкері жарақат алған (Джани, 2007; Сайдуллин, 2007b; СББИ, 2007).

Лаңкестік зорлық-зомбылық

1990-шы жылдарда Қазақстанда исламның қайта жандануы радикал діни ұйымдардың үлкен ауқымда пайда болуына әкелмесе де, кейбір экстремист топтар елдегі әрекеттерін күшейте түсті¹⁰. Діни экстремизмге қатысты қылмыс істерінің көпшілігі тыйым салынған әдебиетті тәркілеуге байланысты болған 1990-шы жылдардың аяғы мен 2000-шы жылдардың басы мерзіміне салыстырғанда, қазіргі кезде, Қазақстанның қауіпсіздік және құқық қорғау органдары қолында қару-жарақ пен оқ-дәрі бар және лаңкестік әрекеттерді немесе тіпті төңкеріс ұйымдастыруды жоспарлаған деген күдікпен экстремист топтардың мүшелерін тұтқындау туралы көбірек мәлімдеме жасайтын болды (АҚШМД, 2010; Выборнова, 2011).

2010–2011 жылдары діни экстремизмге байланысты деп хабарланған қарулы зорлық-зомбылық оқиғаларының саны күрт өсті. 2011 жылы ҰҚК ғимараттарына жасалған шабуылдар және жоғарыда айтылған Шұбаршы

мен Кеңқияқ ауылдарында жүргізілген арнайы бөлімшелердің операциясы туралы көп айтылды, дегенмен лаңкестік астары бар тағы бірнеше оқиға орын алды. 2011 жылдың сәуір айында, Алматыдағы бір пәтерге түнгі кезде шабуыл жасау нәтижесінде екі күдікті діни экстремист өлтіріліп, үшінші экстремист тұтқындалды. Автоматтары және гранаталары бар күдіктілер күшті қарсылық көрсетіп, арнайы полиция бөлімшесінің 11 сарбазын жаралады (Бендицкий, 2011). Бірнеше қазақтардың діни экстремисттермен тартылып, солтүстік Кавказда партизандық әрекеттерге қатысқаны үшін Ресей қауіпсіздік органдарымен өлтірілген немесе тұтқындалған бірнеше оқиға болды (Нурсейтова, 2011).

Бұл оқиғаларды алғашқы таңда «лаңкес» астарлы деп атамағанымен, Қазақстан үкіметі соңғы кезде бұл ұстанымын өзгертті. 2011 жылдың тамыз айында, құқық қорғау органдары мұнайға бай Атырау облысында лаңкестік қастандықты ашқаны туралы алғаш рет ашық жариялады. 2011 жылдың қыркүйек айындағы Парламентке айтылған сөзінде Президент Назарбаевтің өзі Қазақстан экстремизм проблемасына тап болғанын мойындап, оны шешу қажет екенін білдірді (Lillis, 2011d). 🗨

Азаматтық атыс қаруы: бақылау астында, бірақ сұраныс бар

Бұл бөлімде халық қолындағы қару-жарықтың таралуы мен оның көздері қарастырылады, оларды бақылау үшін билік қолға алатын шаралары талқыланады және олардың Қазақстан ішінде қауіпсіздіктің болмауында ойнайтын рөлі бағаланады. Жалпы алғанда, халық қолындағы қару-жарақтың мөлшері аз және билік оны мұқият бақылайтыны көрінеді. Дегенмен, қару-жарақтарға қол жеткізу мүмкіндігі және осыған қатысты қауіпсіздік мәселелері қалалық мекендерде көбірек алаң тудырады. Қылмыстық іс-әрекеттерде қару-жарақтар сирек қолданылғанына қарамастан, қару-жарақ қолданылған кісі өлтіру және тонау оқиғалары 2006–2010 жылдары аралығында артты.


Азаматтық сектордағы атыс қаруы

Жалпы халық

Үйлерге барып сауалнама жүргізу респонденттерінің шамамен 4,4 пайызы отбасы мүшелерінің кем дегенде біреуі қару-жараққа ие екенін көрсетті, солайша орташалағанда әрбір 100 отбасында бес қару бар (ЦИОМ, 2010). Қолдағы қару-жарақтардың ең жиі кездесетін түрлері аңшы мылтықтары (қаруға ие отбасыларды 61 пайызы), пистолеттер немесе револьверлер (22 пайыз), пневматикалық пистолеттер (6 пайыз), газ пистолеттері (4 пайыз) және пневматикалық мылтық (4 пайыз) болды; қалған қарулар басқа қару-жарақтар (1 пайыз) және белгіленбеген қару-жарақтар (2 пайыз) болып анықталды (ЦИОМ, 2010). Бұл нәтижеге сәйкес, Қазақстанның 4,15 отбасына есептелгенде елдегі халық қолында 207 500 немесе сауалнаманың сенімді интервалын есепке алғанда шамамен 190 мың–225 мың қару-жарақ бар¹¹. Демек, әрбір 100 қазақстандыққа 1,3-тен аз қару-жарақ келеді; бұл көрсеткіш төмен болып саналып, Қазақстанды халықаралық рейтингте 142-ші орынға қояды (Атыс қаруына шолу, 2007).

4-ші сурет «Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің қалаңызда / ауылыңызда оқпен атылатын қаруды сатып алу жеңіл ме?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1500)

■ Қалалық ■ Ауылдық



Ескертпе: Өр жолақтағы сызықтар сәйкес сенімді интервалды білдіреді.

Дереккөз: ЦИОМ (2010)

Халық арасында жүргізілген сауалнама респонденттері қару-жарақтың болуы сияқты құпия мәселелер туралы айтпауы мүмкін болғанына қарамастан, басқа дереккөздерге сәйкес 190 мың–225 мың саны Қазақстандағы халықтың қолындағы қару-жарақтың шамамен алғандағы дұрыс мөлшері. Бұған дейін жасалған зерттеулер де Қазақстанның 16,6 млн. халқының қолындағы қару-жарақ аз екенін тапқан. Бұдан бұрын жасалған талдауда 100 мың–300 мың қару-жарақ диапазоны ұсынылған болатын (Атыс қаруына шолу, 2007). 2010 жылы Ішкі істер министрлігі (ІІМ) 139 мың-нан астам қару-жарақ иесін тексергенін мәлімдеді (ІІМ, 2010а)¹².

Сауалнамада қару-жараққа ие болудың себебі анықталып, қалалық және ауылдық мекендер арасындағы айырмашылықтар көрсетілді. Ауылдық мекендерде респонденттердің тек 16 пайызы мекендеріндегі адамдардың қару ұстауға бірінші үш себеп ретінде қылмыс істеу мақсатын көрсетсе, 74 пайызы аң аулауды көрсеткен¹³. Бұған қарама-қарсы, қалалық мекендердегі респонденттердің 45 қылмыс істеу мақсатын бірінші үш себеп ішінде көрсетті, ал аң аулауды тек 37 пайызы атаған (ЦИОМ, 2010). Сауалнама жауаптарына сәйкес қару-жараққа қол жеткізу мүмкіндігі ауылдық мекендермен салыстырғанда қалалық мекендерде жоғарырақ болады (4-ші суретті қараңыз).

Жеке-меншік күзет компаниялары

Алғашқы жеке-меншік күзет компаниялары Қазақстанда 1990-шы жылдардың басынан ортасына дейін пайда болды, бірақ оларға қатысты заңды үкімет тек 2000 жылы қабылдады, атап айтқанда Күзет қызметі туралы заң (Баекенов, 2004; ҚР, 2000b). Ол жеке-меншік күзет компанияларына күзет қызметтерін атқару үшін Мемлекеттік күзет қызметінен (ІІМ Әкімшілік полиция комитеті мен оның аймақтық бөлімшелері құрамында) лицензия алу талабын қояды (ІІМ, 2004).

Қазақстан Республикасының күзет ұйымдары ассоциациясының мәліметі бойынша 2010 жылы Қазақстанда шамамен 3 мың жеке-меншік күзет компаниялары болды, оларда 60 мың-ға жуық адам қызмет ететін; бұл көрсеткіш 2001 жылмен салыстырғанда үш есе өскен (Ташимов, 2010; Васильева, 2002). Ал ІІМ болса, бұл салада шамамен 77 500 күзетші, оның ішіндегі 21 500 қызметкер екі компанияда, яғни темір жол операторы «Қазақстан темір жолы» компаниясында (14 мың) және «ҚазМұнайГаз» компаниясында (7500) жұмыс істейтінін мәлімдеді (Vesti.kz, 2010; Foster, 2010). Бұл сандарға сүйенсек, Қазақстанда жеке-меншік күзетшілердің саны полиция қызметкерлерінің санымен бірдей екенін анықтауға болады, себебі полиция қызметкерлерінің саны 2008 жылы 69 529 болатын (БҰҰЕҚБ, датасыз).

Заң талаптарына сәйкес жеке-меншік күзет компаниялары қызметкерлерін қаруландыруға құқықты, бірақ үкімет «Қазақстан темір жолы» мен «ҚазМұнайГаз» компанияларының күшті қарсылығына қарамастан 2010 жылдың желтоқсан айында бұл құқыққа кейбір шектеулер енгізді (Foster, 2011). Енді жеке-меншік күзет компанияларына иір ойықты ұзын және қысқа оқпанды қару-жарақты пайдалануға тыйым салынады және олар тек тегіс оқпанды қару-жарақты немесе адамды өлтірмейтін («травматикалық») патрондармен оқпансыз қаруларды ғана қолдана алады. Сондай-ақ, олар «электр» қаруларды қолдануға құқылы (ҚР, 2000b; 2010b). Бұл өзгерісті енгізуден бұрын жеке-меншік күзет компанияларының қолында шамамен 7 мың иір ойықты қару-жарақ болды (Foster, 2011).

Шетелдік күзет компанияларына Қазақстанда жұмыс істеуге тыйым салынады, ал шетелдік заңды тұлғалар мен басқа ел азаматтарына күзет қызметтерін көрсетуге немесе Қазақстанда жеке-меншік күзет

компанияларын құруға болмайды. Заңға енгізілген соңғы өзгерістер қазақстандық күзет қызметтерін көрсетушілерге мемлекеттік құпияларды қорғауға қатысты заңды талаптарға сәйкес жағдайларда тәжірибе алмасу, қызметкерлерін жетілдіре дайындау және заманауи күзет жабдықтары мен технологияларын қолдану бойынша шетелдік күзет компанияларымен ынтымақтасуға рұқсат береді (ҚР, 2000б; 2010б). 2010 жылғы желтоқсан айындағы заңға енгізілген өзгерістер күзет компанияларынан басқа компанияларға өз қауіпсіздік күштерін қолдануға тыйым салып, басқа ұйымдардың қызметтерін пайдалануды талап етеді (Foster, 2011). Бұл заң талабы Қазақстанның ұлттық компанияларындағы қауіпсіздік күштеріне қолданылмайды (ҚР, 2000б; 2010б).

Қару көздері

Рұқсат етілген сауда

Кем дегенде 36 компания Қазақстанның азаматтық нарығында қару-жарақ пен оқ-дәрі сатады¹⁴. Олар әртүрлі пистолеттерді (мысалы, Steyr MA1); бір оқты мылтықтар (мысалы, Steyr Classic, Elite және Scout, сондай-ақ CZ 452, 527 және 550); және жартылай автоматты мылтықтар (мысалы, CZ 858 және «Сайга») (Чеботарев, 2010). Дегенмен, бұл компаниялардың тек бірнешесі ғана Қазақстанда қару-жарақ немесе оқ-дәрі шығарады. Алматыда орналасқан «Анна» ЖШС Қазақстан азаматтық нарығына арнап, аң аулау және спортпен шұғылдануға арналған атыс қаруын шығаратын аз ғана өндірушілердің бірі (Чеботарев, 2010). Қазақстан Инжиниринг компаниясы, Петропавловск қаласында 5,45 мм, 7,62 мм және 9 мм оқ-дәрі және аң аулауға арналған оқ-дәрі шығаратын кәсіпорын құрмақ болды дегені мәлімденді. Жоба 19 млн. АҚШ долл. шамасында бағаланып, өндіру 2007 жылдың ортасында басталады деп болжалды. Сондай-ақ, Қазақстан Инжиниринг Бішкектегі оқ-дәрі зауытын сатып алу мақсатында Қырғызстанмен келіссөз жүргізгені де хабарланды, бірақ жобалардың ешқайсысы жүзеге аспаған сияқты (Барабанов, 2008, 32–33 бб). Қару-жараққа тоқталсақ, Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы (БҚМК, бұрын Металлист зауыты болатын) аңшы мылтықтарын аз мөлшерде шығаруды жалғастыруда (Барабанов, 2008, 31-б.; Кенжеғалиева, 2007)¹⁵.

1-ші кесте Жария етілген Қазақстанға импортталған атыс қаруының құны, БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры категориялары бойынша, 1992–2008 (АҚШ долл.)

Қару-жарақ түрі (БҰҰ-ның сауда дерекқоры категориясы)	Қазақстан мәлімдеген	Экспорттаушылар мәлімдеген
Спорттық және аңшы бытыралы мылтықтары (930320)	6 792 782	23 105 081
Атыс қаруының оқ-дәрілері (930630)	5 041 847	5 068 017
Спорттық және аң аңшы мылтықтары (930330)	3 030 318	9 128 726
Пистолеттер мен револьверлер (9302)	2 828 276	1 112 119
Бытыралы мылтық патрондары (930621)	2 483 837	2 165 181
Әскери мылтықтар, пулеметтер және басқа (930190)	2 186 057	236 166
Пневматикалық мылтық бытыралары, қорғаныс бытыралар және бытыралы мылтық патрондарының бөлшектері (930629)	995 054	3 534 458
Әскери қарулар (9301)	980 700	22 674
Бытыралы мылтықтардың немесе әдеттегі мылтықтардың бөлшектері мен керек-жарақтары (930529)	523 721	52 004 510
Револьверлердің немесе пистолеттердің бөлшектері мен керек-жарақтары (930510)	298 295	364 574
Бытыралы мылтық оқпандары (930521)	3 952	48 764
Барлығы	25 164 839	96 790 270

Дереккөз: БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры (датасыз)

2-ші кесте БҰҰ Кәдімгі қарулар регистріне Қазақстан тарапынан хабарланған атыс қаруының импорты, категориялар бойынша, 2008–2010

Экспорттаушы ел	Жыл	Қару-жарақ түрі	Мөлшері
Германия	2010	Қолмен ұстайтын оқпан асты және орнатылған граната атқыштары	18
Чех Республикасы	2009	Револьверлер мен өзі оқталатын пистолеттер	500
Ресей Федерациясы	2009	Револьверлер мен өзі оқталатын пистолеттер	400
Америка Құрама Штаттары	2009	Снайперлік винтовкалар	2
Германия	2009	338 калибрлі снайперлік винтовкалар	14
Италия	2009	Аңшы мылтықтары	54
Ресей Федерациясы	2009	Аңшы карабиндері	1 380
Ресей Федерациясы	2009	Аңшы және спорттық қару-жарақтар	330
Чех Республикасы	2009	Аңшы және спорттық қару-жарақтар	1 155
Германия	2009	Аңшы және спорттық қару-жарақтар	446
Австрия	2009	Аңшы және спорттық қару-жарақтар	50
Австрия	2008	Револьверлер мен өзі оқталатын пистолеттер	100
Барлығы			4 449

Дереккөз: БҰҰҚБ (датасыз)

3-ші кесте **Жария етілген Қазақстанға импортталған атыс қаруының құны, экспорттаушы мемлекеттер бойынша, 1992–2008 (АҚШ долл.)**

Экспорттаушы елдер	Қазақстан мәлімдеген құны	Экспорттаушылар мәлімдеген құны
Армения	79 399	0
Австрия	785 943	929 181
Беларусь	219 300	0
Бельгия	180 730	0
Бразилия	0	8 987
Болгария	126 394	0
Канада	127 604	526 349
Кипр	83 816	799 176
Чех Республикасы	795 764	1 900 134
Дания	0	1 376
Финляндия	151 877	86 895
Франция	2 200	394 739
Германия	3 752 977	15 590 047
Израиль	12 399	51 517 мың
Италия	1 999 114	3 678 802
Қырғыстан	5 800	495 999
Латвия	0	22 393
Пәкістан	0	676
Польша	0	212 399
Ресей Федерациясы	15 708 843	15 556 753
Сербия және Черногория	1 100	0
Оңтүстік Корея	800	0
Испания	188 707	619 291
Швеция	55 910	157 119
Швейцария	54 406	445 282
Түркия	474 071	1 610 490
Түркменстан	7 800	0
Украина	92 511	0
Біріккен Араб Әмірліктері	0	98 300
Ұлыбритания	92 018	1 052 048
Америка Құрама Штаттары	164 660	1 086 834
Беймәлім	696	0
Барлығы	25 164 839	96 790 270

Дереккөз: БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры (датасыз)

Қазақстан ішінде атыс қаруын өндіру мүмкіндігі төмен болғандықтан, ел ішінде сатылатын қару-жарақтар мен оқ-дәріні көбі импортталады. БҰҰ-ның сауда дерекқорының дерекқорында берілген кедендік деректерге сәйкес, Қазақстан атыс қаруын экспорттауымен салыстырғанда, айтарлықтай көп мөлшерін импорттайды (БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры, датасыз)¹⁶. Сауда әріптестері Қазақстан құны шамамен 100 млн. АҚШ долл. атыс қаруы мен оқ-дәріні (азаматтық және әскери) 1992–2008 жылдар аралығында импорттаған. Бірақ Қазақстан экспорты дәл сол мерзімде тек 2 млн. АҚШ долл. мөлшерін құрады (1-ші кестені қараңыз; БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры, датасыз)¹⁷.

Есеп берілген Қазақстан импорттаған қарулар көбінесе спорттық және аңшы бытыралы мылтықтардан, мылтықтардан және атыс қаруының оқ-дәрілерінен тұрады – бұлар әдетте азаматтық нарықта қолданылады (1-кестені қараңыз). БҰҰ-ның әдеттегі қару-жарақ регистріне берілген есептер бұл үрдісті растайды, себебі 2008–10 жылдары саны бойынша ең көп импортталған жабдықтар аңшы қарулары болды (БҰҰҚБ, датасыз; 2-ші кестені қараңыз). 2009 жылы Қазақстан әр түрлі аңшы және спорттық мылтықтарды Италия (243, 308, 300 Winchester және 30,06 SPR 9,2 x 62), Ресей Федерациясы (MP 161К калибрлі 22LP, «Вепрь» карабиндері, «Сайга», «Тигр», «Соболь», «Коршун», «СМ-2КО», «Барс-4-1», «Лось» және «Биатлон-7-3, 7-4») Чех Республикасы мен Германиядан (әр түрлі модельдер) импорттады (БҰҰҚБ, датасыз).

Жалпы, Германия мен Ресей Федерациясы Қазақстанға атыс қаруын жіберетін ең үлкен және ең жүйелі экспорттаушылар болып табылады (3-ші кесте). 2008 жылы Израиль құны 51 млн. АҚШ долл. бытыралы мылтықтардың және әдеттегі мылтықтардың бөлшектері мен керек-жарақтарын (әдетте азаматтық нарыққа бағытталған категория) экспорттағанын мәлімдеді (3-ші кестені қараңыз; БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры, датасыз). Бұл мөлшер Израильді Қазақстанның ең үлкен қару жеткізушісі еткенімен, БҰҰ-ның сауда дерекқорының деректері бойынша Израиль Германия немесе Ресей Федерациясы сияқты жүйелі қару экспорттаушысы емес. Оған қоса, Қазақстан берген деректер Израильдің мәлімдемесін растамайды (БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры, датасыз).

Сауда деректері маңызды ақпарат бергенімен, ол әлі де толық емес. 1-ші және 3-ші кестелерде көрсетілген деректерге сәйкес, БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқорына Қазақстан тарапынан есеп берілген атыс қаруы саудасының мөлшерлері оның сауда әріптестері берген деректерден біршама өзге. Жалпы, әріптестер берген есептердегі мөлшер Қазақстан мәлімдеген мөлшерден төрт есе асады. Еуропа елдерінен импортталған мөлшер Қазақстан мәлімдемелерінде бұл елдердің есептеріндегі мөлшерден әрдайым аз болып отырады, Бельгия мен Финляндияны қоспағанда; дегенмен, Ресей Федерациясы мен Қазақстанның деректері бірдей дерлік (3-ші кестені қараңыз). 1-ші кестедегі деректерді алсақ, Қазақстан спорттық және аңшы бытыралы мылтықтарды аз көрсететіні және әдеттегі мылтықтарды біраз аз көрсететіні анық¹⁸.

Заңсыз қару көздері

Қазақстандағы кейбір заңсыз қару көздері ішкі болып табылады. 1990-шы жылдардың соңында мемлекеттік арсенал негізгі проблема болды. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін Қазақстандағы бұрынғы Кеңес Одағының әскери арсеналы халықаралық және ішкі қара нарықтың атыс қаруының көзіне айналды (Васильева, 2010). Қаруды заңсыз жеткізу әрекеттерінің ең белгілілеріне 1995 жылғы 57 Игла (SA-18) әуе шабуылына қарсы қорғану тасымалы жүйелерін (MANPADS) және 226 9M313 зымырандарын БҰҰ Қауіпсіздік кеңес қаруға эмбарго қойған бұрынғы Югославияға жеткізу әрекеті кіреді (Кенжетаев, 2002). Сондай-ақ, Қазақстан билігі МИГ-21 әскери ұшақтарын 1999 жылы Солтүстік Кореяға және Ми-8Т тікұшақтарын 2000 жылы Сьерра-Леонеге жеткізу әрекеттерін тергеп, олар Қазақстан заңын бұзатындығын анықтады (Холтом, 2010, 5–6 бб.). Мемлекеттің әскери арсеналынан ұрланған қару туралы ашық жарияланған статистика жоқ, бірақ 2008 жылы Қорғаныс министрлігі қарулы күштер қылмыс әлемінің заңсыз қару-жарақ пен оқ-дәрі көзі болып қалғанын мойындады (Северный, 2008).

Ішкі атыс қаруының заңсыз көздерінің бірі қолдан жасап шығару болып табылады. Қазақстанда тәркіленген қолдан жасалған қару-жарақтың көбі атыс патронымен атуға түрлендірілген газ пистолеттері болды¹⁹. 2008 жылғы бір оқиғада Ресейдің Саратов қаласындағы құқық қорғау органдары

9 мм атыс патрондарымен атуға түрлендірілген ИЖ-79 газ пистолетін тәркіледі. Тергеу нәтижесінде қылмыскер қаруды Қазақстанның Орал қаласынан әкелгені белгілі болды; бұл қалада Металлист зауытында жұмыс істейтін сыбайласы болатын, ол үйінде газ және тегіс оқпанды қаруларды иір ойықты қару-жараққа түрлендірумен және қаруларды оптикалық көздеуішпен жабдықтаумен айналысқан (Куликов, 2008). Ресми статистика бойынша, қаруды заңсыз жасау оқиғалары 2006–2010 жылдары аралығында үш еседен көп артқан (ІІМ, 2010с; БП, 2011а). Бұл артуға байланысты талдау жасалмаған, дегенмен, оны қару-жараққа қатысты заңдардың қатаңдай түсуімен жартылай түсіндіруге болады, олар төменде талқыланады.

Қазақстанға шекара арқылы қару-жарақ жеткізу де проблемалардың бірі болып табылады. Орталық Азия Ауғанстанды Ресей Федерациясымен және Еуропамен байланыстыратын «солтүстік» есірткі жолында орналасқан (БҰҰЕҚБ, 2008, 6-б.). Аймақта есірткі мен қару-жарақ трафигі бір-біріне байланысу дәрежесі түсініксіз болып келеді, дегенмен, Қазақстан билігі есірткіге қарсы қолданылған шара («Канал») және миграциялық бақылау («Нелегал») операциялары аясында қару-жарақ ұстады. «Канал» операциялары 2003 жылдан бастап жүйелі түрде өткізіліп келеді және ол Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымы (ҰҚКҰ) бастамалаған аймақтық шаралардың бір бөлігі болып табылады, бұл шараларға Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекістан елдерінің құқық қорғау органдары қатысады.

Бұл операциялар барысында ұсталған қару-жараққа қатысты деректер елдер бойынша берілмейді, оның орнына барлық ҰҚКҰ мүшелерінің барлығына тұтас беріледі. Мысалы, 2010 жылдың қыркүйек айында, Қазақстан, Ресей Федерациясы және Тәжікстан «Канал-Юг» атты есірткіге қарсы операция өткізді және оның нәтижесінде 1300 кг-нан астам есірткі мен 220 қару-жарақ тәркіленді²⁰. 2009 жылы «Канал» және «Нелегал» операцияларына қатысқан елдер жалпы 1881 атыс қаруын және 52 759 оқ-дәрі ұстады; сондай-ақ, олар заңсыз қару саудасына қатысты 249 қылмыстық іс қозғады²¹. 2010 жылғы қараша айының 16–22 жұлдыздарында ірі операция нәтижесінде 18 тонна есірткі, 1129 қару-жарақ және 17 мың оқ тәркіленді²².

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәлідемелер бойынша, Қазақстанға қару-жарақтарды заңсыз жеткізудің бірнеше жолы бар, бұл қару-жарақтардың көбі ішкі қылмыстық топтарға арналған. Қазақстандық полиция қару көздері ретінде маңыздылығы бойынша Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Ауғанстанды көрсетеді (Исабеков, 2008). Тәркіленген Калашников автоматтары мен Стечкин пистолеттері солтүстік Кавказдан келеді; Макаров пистолеттері Ростов, Краснодар крайы, Мәскеу және Санкт-Петербургтен келеді; латын әріптері және иероглифтер басылған Калашниковтар, Макаровтар және Токаревтер Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекістан арқылы (есірткі тасу үшін қолданылатын жолдар арқылы) Ауғанстаннан әкелінеді. Сондай-ақ, ұйымдасқан қылмыстық топтардың Батыс Еуропа мен Ресей Федерациясынан контрабанда жолымен әкелінген германиялық Sig Sauer, италяндық Beretta және чехиялық CZ сияқты Еуропада жасалған пистолеттерді қолдануы артып келеді (Исабеков, 2008).

Көрші елдердегі оқиғалар да заңсыз қару-жарақтардың Қазақстанға келуіне себеп болады. 2010 жылдың сәуір айында Қырғызстанда қатты көтеріліс болып, президент Құрманбек Бакиевтің орнынан кетуіне және қарсылық білдіргендер тарапынан полиция қарулары мен әскери қару-жарақты тонауына әкелді, осыған байланысты Қазақстан шекараны уақытша жапқан болатын (*Kazakhstan Today*, 2010a). Оған қоса, полиция қарулары мен әскери қару-жарақтар, оның ішінде пистолеттер, автоматтар, жеңіл пулеметтер, снайперлік винтовкалар, гранаталар және граната атқыш 2010 жылғы маусым айында орын алған оңтүстік Қырғызстандағы этникалық қырғыз бен өзбектер арасындағы қақтығыс кезінде жоғалды. Қырғызстанның жоғалған қару-жарақтар мен оқ-дәріні табу шараларын қолға алғанымен, Қырғызстан билігі 2010 жылдың қыркүйек айындағы уақыт бойынша 278 қару-жарақ ішінен 146-сы және 43 045 оқ-дәрі ішінен 26 344-і 2010 жылдың маусымында жоғалғанынан бері табылмағанын мәлімдеді (Қылым Шамы, 2011, 8-б.)²³. Қазақстан жоғалған қырғыз қару-жарақтары шекарадан өтуі мүмкін деген алаңдаушылығын білдірді (СІМ, 2010)²⁴. Шекарада қарулардың тәркіленуі туралы есептер бұл алаңдаушылықтың шын екенін айқындайды, дегенмен Қырғызстаннан әкелінген қарудың дәл мөлшерін анықтау қиын²⁵.

Бақылау шаралары

Ұлттық заңдар

Жалпы, Қазақстан атыс қаруын сатып алу мен оған ие болуға қатаң бақылау жасайды, оның ішінде жеке-меншік қарулардың барлығын тіркеу, тиісті түрде сақтау талаптары және келешектегі иелерді тексеру²⁶. Қазақстан заңдары аймақтағы басқа елдердің заңдарына ұқсас; көптеген элементтері Кеңес Одағынан қалған. Дегенмен, Қазақстан заңы сәйкессіздіктерді жою және қоғамдық қауіпсіздікті жақсарту мақсатында уақыт өте өзгерді.

2010 жылдың желтоқсан айында қаруларды бақылау режимін күшейту үшін жаңа заңнамалық өзгерістер енгізілді (ҚР, 2010b). Оларға төмендегілер кіреді:

- азаматтар ие бола алатын қарулар саны бестен екіге дейін азайтылды;
- қару иелерін қаруларды ұрлау, жоғалту, тиіссіз немесе заңсыз түрде қолдану туралы есеп беруге міндеттеу; және
- қару иелерін басқа мекенжайға көшкен кезде қаруларын қайта тіркеуге міндеттеу (ҚР, 2010b).

Қазақстан азаматтарына қару-жарақтарды тек өз-өзін қорғау, спортпен шұғылдану немесе аң аулау мақсаттарында ғана сатып алуға болады (ҚР, 1998, 5-бап)²⁷. Қазақстанда қаруға ие болу үшін 18 жасқа толу қажет. Қаруға ие болу лицензиясына өтінім берушілер «қасақана қылмыстарға» арылмаған сотталғандығы болмауы және бір жылда екі немесе одан көп белгілі әкімшілік бұзушылық жасамаған болуы тиіс (ҚР, 1998, 19.2, 19.2-1, 19.5 баптары). Сондай-ақ, олар психикалық денсаулығын дәлелдейтін медициналық куәлікті тапсыруы тиіс (ҚР, 1998, 15.3 бабы).

Жоғарыдағы талаптарға сай келсе, қаруға ие болуды қалайтын адамдар бірнеше рұқсат қағаздарын алуы тиіс, олардың әрқайсысына ақша төлеу керек. Қаруға ие болу рұқсаты үшін 4500 теңге (30 АҚШ долл. немесе дәлірек айтқанда, үш АЕК²⁸), қару сатып алу немесе сақтау рұқсат қағазы үшін 760 теңге (5 АҚШ долл., жарты АЕК), әрбір қаруды тіркеу немесе қайта тіркеу үшін 150 теңге (1 АҚШ долл., АЕК мөлшерінің оннан бірі) төлеуі тиіс (ІІМ, 2010b). Бұл рұқсат қағаздарын алмаған және қаруды тіркемеген адамдар 1500–15 мың теңге (10–100 АҚШ долл.) айыппұлмен жазаланады (ҚР, 2001, 368, 371 баптары). Оқ-дәріні алу үшін қару-жараққа

ие болу және оны ұстауға жарамды рұқсатты көрсету қажет (ҚР, 2000а, г. 86).

Рұқсат алғаннан кейін қару иелері, төмендегі шарттарды орындауы тиіс:

- қаруды алғаш рет алған болса, ПМ әзірлеген бағдарламаға сәйкес атыс қаруын ұстау бойынша жаттығудан өтуі (ҚР, 1998, 15.4 бабы);
- қаруларын ПМ жүргізетін ресми дерекқорда тіркеу;
- қаруларды сейфтік жәшікке, металдан жасалған шкафқа немесе лицензияланған қаруға басқа адамдар қол жеткізе алмайтын өзге сақтау құралына қою (ҚР, 2000а, г. 91);
- иелігіндегі қарулардың ұрлануы немесе жоғалуы туралы хабарлау (ҚР, 2000а, г. 101); және
- рұқсат қағаздарын уақытында жаңартып отыру²⁹.

Қазақстан заңы азаматтарға қысқа оқпанды бытыралы мылтықтарға³⁰; автоматты оқ жаудыруға арналған қару-жарақтарға; басқа зат сияқты жасырылған қаруларға; бронядан өтетін, өртегіш немесе жарылатын оқтарға, сондай-ақ бас жағында қуысы бар оқ-дәрілерге³¹; және қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін патрондарға ие болуға тыйым салады (ҚР, 1998, 7-бап)³². Жоғарыда айтылғандай автоматты қару-жарақтарға тыйым салынғанымен, жартылай автоматты рұқсат берілетіні не берілмейтіні түсініксіз, дегенмен бұл қару түрі қару-жарақ дүкендерінде кездеседі³³. Коллекция жиюшылар иелігіндегі қарулар істен шығарылуы тиіс (ҚР, 2000а, г. 47). Қару-жарақ иесі атыс қаруын түрлендірсе, ол лицензиядан айырылуы мүмкін (ҚР, 1998, 19-бап).

Құқық қорғау және қару-жарақтарды жинау

Қазақстан үкіметі соңғы он жылда атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтардың орасан санын жинады. БҰҰ-ның іс-әрекеттер бағдарламасын қолдану аясында Қазақстанның ұлттық есептерінде берілген ақпаратқа сәйкес құқық қорғау органдары 60 мың-ға жуық қару-жарақ жинап, 20 мың-нан астамын 2003–2009 жылдар аралығында жойған (4-ші кестені қараңыз). Елдегі халықтың қолындағы қару-жарақ саны аз болғанын ескергенде бұл

4-ші кесте **БҰҰ Іс-әрекеттер бағдарламасын орындауға қатысты ұлттық есептерде хабарланған Қазақстандағы қару-жарақ жинау шаралары, 2003–2009**

Мемлекет қолданған шаралар	Қару-жарақ түрі	Жыл					Жылдардың барлығы есептелгенде	
		2003	2004	2005	2006	2007		2009
Төрікленген және жиналған қару-жарақтар	Автоматтық қару-жарақтар	ҰҚК ІІІМ	9	27	13	ҰҚК ІІІМ	15	
	Құрама қару-жарақтар		42	33	33		50	
	Газ қару-жарақтары		1 549	1 118	1 118	1	1 249	
	Үйде жағдайларында жасалған қару-жарақтар		354	344	344	4	244	
	Аңшы және шопақ қару-жарақтар	137						
	Пистолеттер мен револьверлер	22	467	372	2	354		
	Иір ойықты қару-жарақтар (түрі беймәлім)	18			10			
	Мылтықтар мен карабиндер		706	532		435		
	Тегіс ойықты қару-жарақтар		10 400	7 195	21	6 231		
			13 731		9 607	8 616	жоқ	2 305
Төрікленген және жиналған қару-жарақтардың жиынтығы								
Ерікті түрде тапсырылған қару-жарақтар	Газ қару-жарақтары		1 270	989		761		
	Үй жағдайларында жасалған қару-жарақтар		95	82		82		
	Иір ойықты қару-жарақтар		717	618		636		

Мемлекеттер бойынша шаралар	Қару-жарақ түрі	Жыл					Жылдардың барлығы есептелгенде
		2003	2004	2005	2006	2007	
	Тегіс ойықты қару-жарақтар	6 987		4 348	5 043		
	Басқа				438		
Тапсырылған қару-жарақтардың жиынтығы		9 069		6 037	6 960	жоқ	4 453
Жойылған қару-жарақтар	Автоматтық қару-жарақтар		9	7		22	
	Қарабиндер		41	44		96	
	Құрама қару-жарақтар		20	30		31	
	Газ қару-жарақтары		467	980		941	
	Үйде жағдайларында жасалған қару-жарақтар		259	170		200	
	Пистолеттер		51	152		139	
	Револьверлер		48	228		155	
	Иір ойықты қару-жарақтар (түрі беймәлім)					657	
	Мылтықтар		312	347		214	
	Тегіс ойықты қару-жарақтар		4 501	3 605		3 902	
Жойылған қару-жарақтардың жиынтығы		жоқ	5 708	5 563	жоқ	6 357	4 569
							22 197

Ескертпе: Қосынды мөндер осы кестеде берілген әртүрлі қару-жарақ категорияларының қосындысын көрсетеді. Олар дереккөздерде берілген қосынды мөндерін біраз өзге болуы мүмкін. 2008 жылы есеп берілмеген.

Дереккөздер: ҚР (2005; 2006; 2008; 2010а)

мөлшер бірталай жоғары; ол 2010 жылы халық қолында болған барлық қару-жарақтың үштен бірін құрайды.

Қарулар ерікті және күшпен тапсырту схемаларының аралас механизмімен жиналады. Қазақстанның қару-жараққа қатысты заңдарын жүзеге асыруға жауапты орган ретінде ИМ жүйелі түрде қаруларды сақталатын және пайдаланылатын жерлерде тексеріп отырып, рұқсатсыз қаруларды өтемақысыз тәркілеп, жоюы мүмкін (ҚР, 1998, 30-бап). 5-ші кестеде ИМ және 2008 жылдан бастап Бас прокуратура дерекқорларында тіркелген қару қолдануға байланысты әр түрлі қылмыстар топтарға бөлініп көрсетілген.

5-ші кесте Қазақстандағы қарумен байланысты құқық бұзушылық оқиғалары, 2006–2010


Қылмыс түрі	ИМ		Бас прокуратура		
	2006	2007	2008	2009	2010
Қаруларды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құралдарды заңсыз түрде сатып алу, біреуге беру, сату, сақтау, тасымалдау немесе оларға ие болу	1 272	1 264	926	1 131	984
Қару-жарақты дұрыс сақтамау	9	5	2	3	3
Қаруларды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құралдарды қорғау қатысты міндеттерді тиісті түрде орындамау	0	1	5	1	3
Қаруларды, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды немесе жарылғыш құралдарды ұрлау немесе күшпен тартып алуға тырысу	57	51	47	83	59
Қаруларды ұстау ережелерін бұзу	1	2	1	6	2

Дереккөздер: ИМ (2010с); БП (2011а)

2007 жылғы жарлық қару-жарақтар мен оқ-дәріні өз еркімен ИМ-ге тапсырған адамдарға өтемақы төлеу жүйесін қалыптастырды, оған сәйкес тапсырылған қару түріне байланысты әр түрлі ақшалай сомалар берілетін

5-ші сурет «Соңғы екі жыл ішінде билік мекемелері қалаңыздың / ауылыңыздың тұрғындарынан қаруды жинап алу шараларын ұйымдастырды ма?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1500)

■ Қалалық ■ Ауылдық




Ескертпе: Әр жолақтағы сызықтар сәйкес сенімді интервалды білдіреді.

Дереккөз: ЦИОМ (2010)

болды (ҚР, 2007б). Тапсырылған қарулардың барлығы жойылуы немесе бөлшектеуді тиіс. 2010 жылы Қазақстан осы заңды жүзеге асыру үшін 2008 жылы 500 млн. теңгеден (3,4 млн. АҚШ долл.) астам қаражат бөлгенін мәлімдеді, нәтижесінде 13 мың қару-жарақ жиналды (ҚР, 2010а, 37-б). 5-кестеде көрсетілгендей, 20 мың-нан астам қару-жарақ бұл жарлықтың күшіне енуінен бұрын ерікті түрде тапсырылды, бірақ оларға ешбір өтемақы төленбегені ықтимал. Ресми статистикада Қазақстанның 14

6-шы сурет Отпен атылатын қарумен жасалған қылмыстар үлесі, 2006–2010

■ Кісі өлтіру ■ Тонау ■ Бұзақылық әрекеттер



Дереккөздер: ИИМ (2010с); БП (2011а)

облысының әрбірінде жиналған немесе тәркіленген қару саны көрсетілмеген. Дегенмен, ЦИОМ халық арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша қару-жарақ жинау шаралары көбінесе қалалық мекендерге жүргізілгенін көрсетеді (5-ші суретті қараңыз).

Қазақстанның ішкі істер органдары «Қару» атты операция арқылы нысаналы қару-жарақ тексерулерін өткізеді. 1995 жылы басталған бұл операция қару, жарылғыш заттар және жарылғыш құралдар қолданып жасалған қылмыстардың алдын алу мен оларды анықтау және оларды заңсыз айналымнан алу мақсатымен жүргізіледі (ҚР, 2008, 8-б). «Қару» операциялары үш айда бір рет өткізіледі (ҚР, 2008, 8-б); ІІМ нәтижелерді көрсету үшін жүйелі түрде пресс релиз шығарып отырады. Мысалы, 2010 жылы, құқық қорғау органдары 139 мыңнан астам қару иелерін тексеріп, қару-жарақ айналымына қатысты ережелерді 5700-ден астам кезде және аң аулау ережелерін 229 кезде бұзылғанын анықтаған. Осы шара шеңберінде жалпы 5196 тіркелген халық қолындағы қару тәркіленді (ІІМ, 2010а).


Әсері

Жалпы, қару-жарақтар Қазақстанда қылмыс жасаудың ең жиі кездесетін құралы емес. 2006–10 жылдары қару-жарақтар елде тіркелген қылмыстардың өте аз бөлігін – 0,3 -0,4 пайызын құрады (БП, 2011а). Суық қару одан жиі қолданылады, дегенмен олардың қолданылуы 2006 жылдағы 1 пайыздан 2010 жылдағы 0,5 пайызға азайды (ІІМ, 2010с; БП, 2011а).

Қару-жарақтар ең көп қолданылатын қылмыс түрлеріне кісі өлтіру, тонау және бұзақылық әрекеттер жатады, дегенмен, олардың қолданылуы жалпы аз болып, барлық оқиғалардың 10 пайызына жетпейді (6-шы суретті қараңыз). Бұған қарама-қарсы, қару-жарақ қолданылып жасалған кісі өлтіру қылмыстары Латын Америка мен Кариб теңізі аймағында 60 пайызға, Еуропада 24 пайызға және Азияда 22 пайызға жетеді³⁴. Бірақта, Қазақстанда қару-жарақ қолданылып жасалған кісі өлтірулер мен тонаулар көрсеткіші 4,1 пайыздан 6,9 пайызға және 3,4 пайыздан 5,7 пайызға тиісінше, 2006–2010 жылдары аралығында өскен (6-шы суретті қараңыз). Сондай-ақ, түрмеден қашып шығу үшін тұтқындар қару-жарақ иелену және атыстарға жасөспірімдер қатысуы туралы хабарлар сияқты соңғы кезде орын алған оқиғаларды атап өткен жөн³⁵.

7-ші сурет «Сіз оқпен атылатын қаруды қалай қабылдайсыз?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жынысы бойынша, жауап берушілер саны — 1497)

■ Әйелдер ■ Ер адамдар




Ескертпе: Әр жолақтағы сызықтар сәйкес сенімді интервалды білдіреді.

Дереккөз: ЦИОМ (2010)

Үйлерге барып жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша халық қару-жарақты үлкен проблема ретінде есептемейтіні анықталды. Респонденттердің жартысы қару-жарақты қорғану үшін қажет деп ойласа, екінші жартысы оларды қауіпсіздікке қауіп төндіреді деп сипаттады (ЦИОМ, 2010). Тұтастай ел бойынша респонденттердің 60 пайызы

8-ші сурет «Сіз оқпен атылатын қаруды қалай қабылдайсыз?» деген сауалнама сұрағына берілген жауаптар (жауап берушілер саны — 1498)

■ Қалалық ■ Ауылдық



Ескертпе: Әр жолақтағы сызықтар сәйкес сенімді интервалды білдіреді.

Дереккөз: ЦИОМ (2010)

аймақтарында тұратын адамдардың қару ұстауының ең негізгі үш себебінің бірі ретінде бандалар мен қылмыскерлерден қорғануды келтірді. Дегенмен, ер адамдар мен әйел адамдар арасында айтарлықтай айырмашылықтар болды. 7-ші суретте көрсетілгендей, ер адамдардың 42 пайызы, ал әйел адамдардың 22 пайызы қару-жарақ қорғану үшін қажет деген оймен келісті. Бұған ұқсас, әйел адамдардың жартысынан көбі қару-жарақ қауіпсіздікке қауіп төндіреді деп таныса, бұл оймен ер адамдардың тек үштен бірі келіседі³⁶. Жас респонденттер және ауылдық мекендерде тұратын адамдар қару-жарақты көбінесе қорғанумен байланыстырады (ЦИОМ, 2010; 8-сші суретті қараңыз). 📍

Әлі де құпия: атыс қаруы және мемлекет


Бұл бөлімде мемлекет арсеналындағы атыс қаруы мен оқ-дәріге қатысты кең жұртқа белгілі ақпарат пен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі берген деректер қарастырылады. Сонымен қатар, бұл бөлімде Қазақстан жойған артық қару-жарақ пен оқ-дәрі мөлшері мен түрлері қарастырылады. Ең сонымен, мұнда қару-жарақ қоймаларында абайсыздан болған жарылыстар болған мекендердің тұрғындарына тиген әсерлеріне назар аударыла отырып, мемлекеттік арсеналға қатысты қауіптерге талдау жасалады.

Қару қорлары

Қазақстанның қорғаныс, қауіпсіздік және құқық қорғау органдарына әртүрлі министрліктерге қарайтын, әрқайсысы өзінің қару-жарақ арсеналына жауап беретін көптеген ұйымдар кіреді (9-шы суретті қараңыз). Қазақстан заңы бойынша мемлекеттік қауіпсіздік күштерінің өлшемі мен олардың қару-жарақ қоры «мемлекеттік құпия» деп есептеледі; олардың саны немесе жабдықтауына қатысты ашық ақпарат жоқ³⁷. *Military Balance* атты жанама дереккөзінде 2010 жылы үшін төмендегі сандар берілген:

- Әскер: 30 мың;
- Флот: 3 мың;
- Соғыс-әуе күштері: 12 мың;
- Қорғаныс министрлігі: 4 мың;
- Үкімет сақшылары: 500;
- Ішкі қауіпсіздік қызметі: 20 мың (шамамен);
- Республикалық ұлан: 2 мың; және
- Шекара әскерлері: 9 мың (шамамен) (IISS, 2010, бб. 364–65).

9-шы сурет Қазақстанның қорғаныс, қауіпсіздік және құқық қорғау салаларындағы мемлекеттік органдар құрылымы



Ескертпе: * Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

Дереккөз: Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының сипаттамасы (2011б)

Хабардар бақылаушының сөзі бойынша әскердің жалпы саны 42 мыңға жуық, ал флот шамамен 2000 адамнан тұрады, бұл мәліметтер 2010 жылдың ортасындағы жағдайға қарай берілген³⁸.

Мемлекеттік қауіпсіздік күштерінің қолындағы атыс қаруының саны жария емес. Жанама есептер Қазақстанда бес негізгі қару-жарақ қоймасы

6-шы кесте **Қазақстанның мемлекеттік органдар қызметкерлері қолдануға бекітілген отпен атылатын қарулар мен оқ-дәрі түрлері**

Мемлекеттік орган	Қару-жарақ	Оқ-дәрі
Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Қаржы полициясы)	<ul style="list-style-type: none"> • 5,45 мм ПСМ пистолеті; • 9 мм Макаров пистолеті; • 5,45 мм Калашников автоматы, АКС-74 немесе АКС-74У модельдері; • 7,62 мм Калашников автоматы, АКМ немесе АКМС модельдері; • 9 мм ПП-90 пистолет-пулеметі 	<ul style="list-style-type: none"> • 5,45 мм кіші өлшемді, ортасынан тұтанатын патрон; • 5,45 × 18 мм пистолет патроны; • 7,62 мм стандартты оқ және жарқылды оқ патроны; • 9 мм пистолет патроны (9 × 18 мм, 9 × 19 мм)
Қаржы министрлігі қарамағындағы Кедендік бақылау комитеті	<ul style="list-style-type: none"> • 9 мм Байкал 442 пистолеті, Макаров пистолеті, ПМ-9 моделі; • 12 калибрлі бытыралы мылтықтар, ИЖ-81 және Мосберг модельдері; • 9 мм Кобальт револьвері, басқа аты – РСА/ТКБ-0216 (Стечкин-Авраамов револьвері, конструкторлары Стечкин мен Авраамовтың аттары берілген) 	<ul style="list-style-type: none"> • Пистолет немесе револьверлерге арналған 9 мм оқ-дәрі; • Бытыралы мылтықтарға арналған 12 калибрлі оқ-дәрі
Мемлекеттік курьерлік қызмет	<ul style="list-style-type: none"> • 9 мм Макаров пистолеті; • 7,62 мм АК автоматы, АКМС моделі; • 9 мм Стечкин автоматты пистолеті 	жоқ

Дереккөздер: ҚР (2000а; 2003; 2010с)

бар екенін білдіреді (Ashkenazi, 2010, 138-б). Мәліметтер бойынша елдің қоймаларында 550 мың–950 мың әскери атыс қаруы және жеңіл қару-жарақтар және 200 мың–400 мың тонна артық әдеттегі оқ-дәрі бар (Ashkenazi, 2010, 138-б). Қару-жарақ туралы деректер Қазақстан қарулы күштерінің 1990-шы жылдардың соңы мен 2000-шы жылдардың басындағы (бұл кезеңде әскер саны ең көп болатын) әскер санына, сондай-ақ аймақтағы

басқа елдердегі бір әскерге шаққандағы қару саны көбейткіштерімен біріктіруден алынған³⁹ Соңғы кезде, Қазақстан Республикасының ҚМ әдеттегі оқ-дәрінің 2,5 млн. артық мөлшері болғаны туралы 2003 жылы хабарлады, оның 1,1 данасы 2009 жылға дейін жойылды, демек 1,4 млн. дана артық оқ-дәрі 2010 жылда әлі бар болды (ҚР, 2011а).

Кейбір органдар, оның ішінде Қаржы полициясы, Кеден қызметі және Мемлекеттік курьерлік қызмет (премьер-министр кеңсесінің қарамағында) үшін ұлттық заңнама органдар қолданатын әр түрлі атыс қаруының түрін белгілейді (6-шы кестені қараңыз). Жанама дереккөздер қарулы күштердің арсеналына төмендегі атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтарының кіретіндігін мәлімдейді (Jane's World Armies, 2010):

- минометтер: 82 мм М37М (150 дана), 107 мм М107 (50), 120 мм М-43 (100), 120 мм 2S11 Сани, 120 мм 2S9, Айбат;
- танкке қарсы қолданылатын қарулар: 9К111/АТ-4 «Spigot» (200 дана), 9Р148/АТ-5 «Spandrel» (50 дана), 9К114 «Штурм»/АТ-6 «SPIRAL», 9К115 «Мегис»/АТ-7 «SAKHORN» (24 дана), 100 мм Т-12 (150 дана), РПГ-7 (250 дана);
- Әуе шабуылына қарсы қорғану тасымалы жүйелері: 9К32/9К32М/«Стрела-2»/2М/SA-7a/b «Grail» (250 дана), «Стрела-3»/SA-14 «Gremlin» (50 дана), «Игла-1»/SA-16 «Gimlet»;
- пистолеттер: 5,45 мм ПСМ, 7,62 мм Токарев, 9 мм Макаров;
- автоматтар: 5,45 мм АК-74, 7,62 мм АКМ;
- снайперлік винтовкалар: 7,62 мм Драгунов;
- пистолет-пулеметтер: 5,45 мм АКС-74У;
- жеңіл пулеметтер: 5,45 мм РПК-74;
- универсалды пулеметтер: 7,62 мм ПКС; және
- ірі калибрлі пулеметтер: 12,7 мм ДШК.

Қару көздері

Кеңес Одағының ыдырауына дейін Қазақстанда 50-ге жуық зауыт әдеттегі қару-жарақтар мен қорғаныс жабдығын шығарумен айналысатын. 1995 жылы тек 24 әскери-өнеркәсіптік зауыттар істеп тұрды (Бурнашев, Черных, 2010). Олардың ішінде, мемлекет меншігіндегі Оралдағы «Металлист»

зауыты ғана атыс қаруын шығаратын (Чеботарев, 2010; ІА, 2004, 21-б). 2003 жылдың сәуір айында Металлист БҚМК-ға түрлендіріліп, мұнай мен газ жабдығын шығаруға көшті. Ішкі органдар мен халықаралық нарықтың әскери қаруларға тапсырыстарының тұрақты болмауы және жалақы бойынша міндеттемелер мен қарыздардың артуы да бұған өз үлесін қосты (Чеботарев, 2010). Сондай-ақ, БҚМК-ның 9 мм «Кобальт» револьвері мен жиналмалы ПП-90 пистолет-пулеметі сияқты жаңа атыс қаруын шығару әрекеттері нәтижелі болмағаны хабарланады (Барабанов, 2008, 31-б).

Қазақстанның қорғаныс өндірісіне президент Назарбаев 2007 жылғы 21 наурызда жаңа әскери доктринаны мақұлдағанынан кейін жаңадан импульс берілді. Доктрина әскерді жаңа қару мен жабдық түрлерімен жабдықтауды және қолдағы қаруды жетілдіріп, жаңартуға шақырды (ҚР, 2007с, 16-б). 2009 жылғы 15 мамырда президент үкіметке доктринаны жүзеге асыратын, оның ішінде қарулы күштер мен қару шығаратын кәсіпорындарды технологиялық тұрғыда жаңартатын бағдарламаны әзірлеуге тапсырма берді (ҚР, 2009). Ресми мәлімдемелер бойынша Қазақстан қаруларды тек өзінің ішкі қарулы күштеріне ғана емес, шет елдерге экспорттауды көздеуде (Ахметова, 2008, 4-б).

2010 жылғы 27 қаңтарда Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбеков БҚМК 30 мм БМП-2 үстіне орнатылатын пулеметтерге арналған оқтарды шығара бастағаны және НСВ 12,7 мм «Утес» ірі калибрлі пулеметті шығаруды жалғастырып жатқаны туралы мәлімдеді. Министрмен кездесу кезінде, зауыттың басшылары басқа атыс қаруының оқтарын шығаруға қалауларын білдірді (Парпура, 2010). КАДЕКС-2010 (KADEX-2010) қару көрмесі барысында (Астана, Мамыр, 2010 ж.) БҚМК Israel Military Industries (IMI) компаниясымен бірігіп, жаңа буындағы «WAVE 300–Толқын» атыс қару жүйесін шығаруға келісімге келгенін хабарлады. Бұл қашықтан басқарылатын қару станциясы БҚМК шығаратын НСВ 12,7 мм ірі калибрлі пулемет пен IMI өндіретін электрондық бағыттау, көздеу және басқару жүйесінен жасалған өнім болмақ. Орталық Азия мемлекеттері, сондай-ақ Ресей Федерациясы жаңа қарудың ықтимал нарықтары ретінде есептелуде (ҚазТАГ, 2010; Кедров, 2010).

Қазақстанның шектеулі әскери атыс қаруын шығару мүмкіндігі оның әскери атыс қаруын экспорттау мөлшерінің төмен болуына себепкер.

7-ші кесте Қорғаныс министрлігі сатып алуға жоспарлаған атыс қаруы, бөлшектер мен оқ-дәрі, 2009 ж.

	Мөлшері (дана)	Құны	
		Теңге	АҚШ долл. (ықшамдалған)
Барлау батальондарына арналған атыс қаруы мен құралдар	0	201 989 400	1 383 500
Қолда ұсталатын қаруларға арналған ату тірегі	1	1 700 мың	11 600
Снайперлік винтовкалар	36	126 000 мың	863 мың
Оқ-дәрі, 7,62; 338	4 125	3 300 мың	22 600
Үлкен калибрлі снайперлік винтовка	2	7 000 мың	47 900
Оқ-дәрі, 12,7 × 99 мм	1 мың	3 500 мың	24 мың
Жабық коллиматорлық көздеуіш	222	26 640 мың	182 500
АК-107 пулеметі (Ресей Федерациясы)	100	38 000 мың	260 300
5,66 мм АПС (су асты автоматы)	44	16 368 мың	112 100
Су астында атуға арналған 5,66 мм АПС оқ-дәрісі	50 мың	46 500 мың	318 500
Су астында атуға арналған 5,66 мм оқ-дәрі	9 мың	8 680 мың	59 500
4,5 мм СПП-1 (су асты пистолеті)	44	12 584 мың	86 200
Су астында атуға арналған 4,5 мм СПС оқ-дәрісі	50 мың	39 500 мың	270 500
Пистолет-пулеметтердің оқпан планкасын орнату және сатып алу	1 мың	15 000 мың	102 700

Дереккөз: ҚМ (2009)

Қазақстанның мәлімденген бұл қаруларды экспорттау мөлшері не болғаны 100 мың АҚШ долл. сомасына 1992–2008 аралығында тең болды (БҰҰ-ның «Комтрейд» сауда дерекқоры, датасыз). Тек мемлекет меншігіндегі «Қазспецэкспорт» компаниясының әскери атыс қаруын экспорттауға рұқсаты бар. Компания төмендегі жабдық түрлерін сатады: оптикалық көздеуіші жоқ 12,7мм НСВ пулеметі; 9 мм ПМ пистолеттері; 7,62 мм АКМ автоматтары; 7,62 мм СКС мылтықтары; 5,45 мм АК-74, АКС-74 және АКС-74У автоматтары; 5,6 мм ТОЗ-8 және ТОЗ-17 спорттық мылтықтары; 26 түрлі оқ-дәрі, 4,5 мм-ден 23 мм-ге дейін (Чеботарев, 2010).

Ел ішіндегі қару шығару мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, Қазақстан жақын келешектегі қажеттіліктері үшін әскери атыс қаруының көп бөлігін импорттауы ықтимал. Қорғаныс вице-министрі Ратмир Комратовтың мәліметінше, Қазақстан барлық әскери жабдықтарының (барлық түрінің) 70 пайызын импорттайды (Молдабаев, 2010, 5-б). Дегенмен, әскери атыс қаруын импорттау бойынша толық мәлімет аз. Қазақстан БҰҰ-ның сауда дерекқорына мәлімдеген деректері бойынша әскери мылтықтардың, пулеметтердің және басқа да кіші калибрлі әскери қарулардың импортталған мөлшері тек 3 млн. АҚШ долл. мөлшерінен 1992–2008 аралығында сәл асты, бұл көрсеткіш Қазақстан мәлімдеген жалпы импортталған атыс қаруының мөлшерінің аз бөлігі (1-кесте). Сауда әріптестері мәлімдеген Қазақстанға экспортталған әскери атыс қаруы мөлшерінің аз болуы Қазақстанға жүйелі түрде қару экспорттайтын мемлекеттердің көбі, мысалы Ресей Федерациясы әскери жабдық саудасын Сауда комиссиясына мәлімдемейтінін білдіруі ықтимал. БҰҰ-ның әдеттегі қару-жарақ регистріне Қазақстан берген есептерде әскери импортқа байланысты біраз ақпарат бар. Мысалы, 2009 жылы, Қазақстан Америка Құрама Штаттарынан және Германиядан снайперлік винтовкаларды, сондай-ақ Швейцариядан граната атқыштарды импорттағанын мәлімдеді (БҰҰҚБ, датасыз). Дегенмен, Қазақстан берген импорт деректері нақты жеткізу мөлшерінен төмен. Мысалы, ҚМ деректері 547 млн. теңге (3.7 млн. АҚШ долл.) құнындағы атыс қаруы мен оқ-дәріні тек 2009 жылының өзінде жеткізілгенін көрсетеді (7-ші кестені қараңыз).

Бақылау шаралары

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесінің қару, әскери технологиялар мен екі мақсатты тауарларды сату бойынша бөлім аралық комиссиясы ҚМ-нің әскери-техникалық комиссиясының ұсыныстарына сәйкес артық қару мен оқ-дәрілерге қатысты шешімдерді қабылдайды (ҚР, 2008, 13-б). Соңғы кезге дейін тек «Қазарсенал» компаниясы Қазақстанда оқ-дәріні жоюға лицензиясы бар мердігер болатын, бірақ оның ТЗЗК ракеталары сияқты күрделі оқ-дәріні бөлшектеуде тәжірибесі

8-ші кесте Қорғаныс министрлігі жойған кәдімгі оқ-дәрінің артық қорлары, 2003–2009⁴⁰

Түрі	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	Барлығы
АЗП-39-ға арналған 37 мм	0	0	0	33 943	9 138	68 823	64 262	176 166
ЗиС-2-ге арналған 57 мм	0	0	0	2 447	2	21 903	0	24 352
ЗиС-3-ге арналған 76 мм	0	0	2 430	46 552	3 292	43 937	0	96 211
Д-44-ке арналған 85 мм	8 061	84 126	25 935	52 411	67 679	67 292	0	305 504
Д-48-ге арналған 85 мм	0	0	0	9 926	0	0	0	9 926
КС-19-ға арналған 100 мм	0	18 400	0	912	43 828	77 574	0	140 714
У-5ТС-ке арналған 115 мм	0	0	0	0	0	4 957	0	4 957
Д-25ТС-ке арналған 122 мм	0	970	0	0	0	0	0	970
М-30-ға арналған 122 мм	4 127	34 мың	50 250	69 692	1 158	6 438	0	165 665
М-46-ға арналған 130 мм	0	0	1 628	0	0	9 553	0	11 181
Д-20-ға арналған 152 мм	304	0	0	3 991	17 133	412	0	21 840
Д-1-ге арналған 152 мм	3 200	0	0	0	0	0	0	3 200
2С7-ге арналған 203 мм	0	0	0	0	326	4 761	0	5 087
82 мм миналар	0	0	0	0	87 728	4 727	0	92 455
120 мм миналар	0	0	0	0	50 777	0	0	50 777
160 мм миналар	0	0	0	0	4 952	0	0	4 952
240 мм миналар	0	0	0	0	0	1 395	0	1 395
Барлығы	15 692	137 496	80 243	219 874	286 013	311 772	64 262	1 115 352

Дереккөз: ҚР (2011а, 1-б)

9-шы кесте Қорғаныс министрлігі жойған атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтардың артық қорлары, 2003–2006

Түрі	2002	2003	2004	2005	2006	Барлығы
Граната атқыштар	0	43	436	566	0	1 045
Мылтықтар мен карабиндер	147	10 937	143	9 586	42	20 855
Пулеметтер	0	2 960	2 742	2 910	2	8 614
Автоматтар	50	10	0	5 415	0	5 475
Пистолеттер	1 090	573	0	140	0	1 803
Барлығы	1 287	14 523	3 321	18 617	44	37 792

Дереккөз: ҚР (2011а, 2-б)

жоқ (NAMSA, 2007, 2–3 бб). «Қазарсеналдың» оқ-дәрі жою полигондары Қапшағай мен Арыс мекендерінде орналасқан және мәлімет бойынша калибрге байланысты, жылына 250 мың дана оқ-дәрі жоя алады (ЕҚЫҰ, 2005, 4–5 бб). 2009 жылғы наурыз айында «Қазарсеналдың» Арыс бөлімшесінде болған жарылыстан кейін үкімет оқиғаның себептері анықталып, қауіпсіздік процедуралары жетілдірілгенше Қазақстанда оқ-дәрі жою шаралары уақытша тоқтатылатынын жариялады (ҚазАқпарат, 2009). 2010 жылғы 3 қыркүйекте үкімет артық оқ-дәрілерді жою жұмысы тапсырылатын жаңа мекемені құруға мүмкіндік беретін жарлық шығарды (ҚР, 2011а, 1-б).

Мәліметтер бойынша ҚМ артық әдеттегі оқ-дәріні жою жұмысында айтарлықтай жетістікке жеткен. 2003 жылы, 2001 жылғы тамыз айында Тоқырау қару-жарақ қоймасында болған жарылыстан кейін Қорғаныс министрлігі «Қазақстан қарулы күштері қолданбайтын әдеттегі қару-жарақты жою бағдарламасын» қабылдады; бұл бағдарламаға сәйкес 2,5 дана әдеттегі қару-жарақ 2003–07 аралығында жойылуы тиіс еді, мұның ішінен 161 мың 85–152 мм калибріндегі оқ-дәрі мәлімдемелер бойынша 2003–04 жылдары аралығында жойылды. Қаражат тапшылығына байланысты бұл бағдарлама 7,5 жылға ұзартылды (ЕҚЫҰ, 2005, 3-б). 2009 жылғы желтоқсан айында ҚМ 1,5 млн. дана оқ-дәрі жойылатынын мәлімдеді (BBC Monitoring/Интерфакс, 2009). 2011 жылдың басында, министрлік

«Атыс қаруына шолу» ұйымына 1 115 352 дана әдеттегі оқ-дәрі 2003–2009 жылдар аралығында жойылғанын мәлімдеді, оның ішінде 939 244 данасы детонация арқылы жойылды (ҚР, 2011а, 1-б; 8-кестені қараңыз). Яғни, 1,4 млн. дана оқ дәрі 2,5 млн. дана оқ-дәрі болған 2010 артық бастапқы мөлшерінен жойылды. Дегенмен, бұл деректер тек Қорғаныс министрлігіне қатысты және 9-суретте көрсетілген салыстыруға болатын деректері жоқ басқа мекемелерге қатысы жоқ.

Қорғаныс министрлігі 37 792 дана атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақтарды 2002–06 жылдар аралығында жойғанын мәлімдеді, бірақ қалған артық қару-жарақ мөлшеріне қатысты мәлімет жоқ (ҚР, 2011а, 2-б; 9-кестені қараңыз). Басқа есеп бойынша ҚМ 2007 жылы жоюға арналған 45 мың ішінен 27 723 дана қаруды жойғанын мәлімдеді (NAMSA, 2007, 2-б). Қазақстан артық қару-жарақтарды жоюды, халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктерінің бар болуына қарамастан, өз басымен орындады. НАТО ұйымының қару-жарақ жеткізу агенттігімен бірге әзірленген жоба бойынша 2007 жылы 16 653 атыс қаруы, 350 ТЗЗК жиынтығы жойылмақ болды. Бірақ, ресми себебі ретінде әкімшілік себептер көрсетіліп, жоба сонымен жүзеге асқан жоқ (NAMSA, 2007, бб. 2–3).

Қару-жарақ қоймаларындағы абайсыздан болған жарылыстар

2001 жылдан бері Қазақстандағы қару-жарақ қоймаларында алты үлкен жарылыс болғаны белгілі. 2011 жылдың соңында бұл жарылыстар нәтижесінде мұндай оқиғаларға тап болу деңгейі бойынша Қазақстан әлемде 13-орынға қойды (Атыс қаруына шолу, 2011). «Атыс қаруына шолу» ұйымы, ЦИОМ ұйымының көмегімен 2010 жылғы тамыз бен қыркүйек айларында жарылыс болған жерлердің маңындағы үш мекеннің тұрғындарымен фокус-топ талқылауларын өткізді, атап айтқанда Ортадересін (2001 жылғы тамыз айындағы Тоқыраудағы жарылыс болған жердің маңында), Арыс (2009 жылғы наурыз айында болған оқиға) және Қараой (2009 жылғы маусым айында болған оқиға) (2-ші жолақты қараңыз). Өрбірі сегіз қатысушыдан тұратын екі фокус-топ талқылаулары әр мекенде ер адамдармен және әйел адамдармен бөлек өткізілді. Қатысушылардан

қарастырылған мекендерде оқиғаға дейін және одан кейін кем дегенде екі жыл тұрғаны талап етілді. Талқылауларда респонденттердің жарылысқа қатысты тәуекелдерді білуі мен оны түсінуіне; жарақаттар, мүлікке зақым келу және жергілікті мекеннің дамуы мен тіршілігіне тиген ұзақ мерзімді нәтижелерге; үкімет қолданған шараларға; өтемақы төлеу мен алдын алу шараларына назар аударылды (2-ші қосымшаны қараңыз).

Тәуекелді біліп, түсіну

Үш мекендердің барлығында тұрғындар жарылыстан бұрын қару-жарақ қоймалары жақын орналасқандықтан және кейбір жергілікті тұрғындар келісім-шарт бойынша сол жерде жұмыс істейтіндіктен олардың бар екенін білетін. Ортадересін мен Арыста, қоймаларда орасан мөлшерде

2-ші жолақ Зерттеуге қатысты анықтамалық мәлімет: Тоқырау, Арыс және Қараой оқ-дәрі қоймаларында болған жарылыстар

Қарағанды облысында, Балқаш қаласынан шығысқа қарай шамамен 50 км қашықтықта орналасқан Қорғаныс министрлігінің 89533 әскери бөліміндегі Тоқырау-10 оқ-дәрі қоймасында 2001 жылғы 8 тамызда жарылыс болды (*Kazakhstan Today*, 2001a). Сол кездегі қорғаныс министрі болған Сәт Тоқпақпаевтің айтуынша, бұл қоймада «бірнеше ондаған мың тонна» артиллериялық снарядтар, атыс қаруының оқ-дәрілері және бомбалар болған. Кеңес Одағының Ауғанстандағы операцияларынан және жартылай 1988 жылғы Армениядағы жер сілкінісінен кейін көшірілген бүкіл арсенал жойылмақ болатын (*Kazakhstan Today*, 2001b).

Оңтүстік Қазақстан облысында (Шымкент қаласынан шамамен 100 км қашықтықта), Арыс қаласынан 2 км қашықтықта орналасқан Қорғаныс министрлігінің 44859 әскери бөліміндегі ҚазАрсенал ғылыми-өндірістік бірлестігі ЖШС-нің оқ-дәрі жою нысанында 2009 жылғы 20 наурызда екінші жарылыс болды (ТЖМ, 2009a). Екінші Дүниежүзілік соғыстан бұрын Арыс қаласының маңында үлкен оқ-дәрі қоймалары салынған болатын және онда бұрын да жарылыс болған. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәлімдеуінше, Кеңес Одағының әскери Ауғанстаннан шыққаннан кейін біршама оқ-дәрі мен қару-жарақ Арыс қаласының жанындағы қоймаларға тасылған (*Kazakhstan Today*, 2009b). Қорғаныс министрлігі ҚазАрсенал жеке-меншік мекемесін жарамдылық мерзімі аяқталған оқ-дәріні азаматтық мақсаттарда қолдануға жойып, қайта өңдеу үшін қосалқы мердігерлікке жалдаған болатын (Новицкая, 2009).

